

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№103 (421) | 1954 жылғы 23 май Жексенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Украин ССР Жоғарғы Советіне, Украин ССР Министрлер Советіне, Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің Президиумы, Министрлер Советі және Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті республиканың барлық еңбекшілері атынан Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеу күндерінде туысқан украин халқына өздерінің жалаңды сөлемін жолдап, Украин Советтік Социалистік Республикасының онан әрі көркейе беруіне шын ниетімен тілектестік білдіреді.

Екі ұлы славян халықтарының бірігуінің бұл тарихи жылдығын Совет Одағының барлық халықтарымен бірге Советтік Қазақстанның жұмысшылары, колхозшылары және интеллигенциясы қуанышпен атап өтуде.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының ұлы орыс және украин халықтарының ғана емес, сонымен бірге еліміздің барлық халықтарының бұдан былайғы тағдыры үшін орасан зор прогрестік маңызы болды, ол халықтарды біртұтас туысқан семьяға онан әрі біріктірудің ұлы енесі болды.

Ұлы Русь біртұтас туысқан семьяға мәңгі біріктірген ССРО халықтарының достығы—құрыштай шыныққан берік достық. Еркін және тең праволы халықтардың мызғымас одағы ұрыстар мен еңбекте туыл, шынықты, оған коммунизм орнатудың ұлы мақсаты дем беріп отыр. Ұлы Коммунистік партияның басшылығымен, пролетарлық интернационализм туының астында орнап, нығайған халықтар достығы көп ұлтты Совет мемлекетінің күші мен қуатының қайнар бұлағы болып табылады.

Украин және қазақ халықтары достығының тамырлары терең, оның дәнекерлері берік. Қазақ ауылдарымен іргелес алғашқы украин мекендерінің орналаса бастағанына жақында 100 жыл толады. Қазақ және украин халықтарының арасындағы мызғымас достық бірге өмір сүріп, бірге еңбек етумен өсіп, нығайды.

Қазақ халқы бұл күндері украин халқының қамеңгер ұлы, күрескер ақыны Тарас Григорьевич Шевченконың ардақты есімін терең сүйіспеншілік және алғыс айту сезімімен тағы да еске түсіруде. Ол еңбекші қазақ халқының өмірі туралы шындықты өз халқына жеткізген тұңғыш украин ұлы болды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы.

Қазақстанның Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

Қазақ ССР Министрлер Советі.

## Егіс жұмыстарының ең жауапты және шешуші кезеңі

Бұл күндері облысымыздың егіншілері көктемгі егіс жұмыстарының ең жауапты және ең шешуші кезеңдерін өткізуде. Озат егіншілер бұл жұмыстарға көктемнің қолайлы мерзімін босқа өткізбеу үшін

ның іске нақтылы басшылық ете алмауында, трактор бригадалары мен егіс бригадаларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, оларда социалистік жарықтың кең өрістетілуіне, техника қуатының

та қалып отырған Октябрь, Ленин, Преснов, Мамлют аудандарындағы МТС-тер мен совхоздар облыста отандық жаңа техникамен жеткілікті мөлшерде жабдықталған МТС-тер мен совхоздардың бірінен саналады. Сондай-ақ, олар

Ал, ең зор және мызғымас достық Ұлы Октябрь социалистік революциясымен бірге орнап, бұл достық ұлы бесжылдықтардың еңбек майданында және соғыс жылдарының ауыр сындарында бекіп, шынықты. Қазақстанның қуатты индустриясын құруда және ауыл шаруашылығын социалистік жолмен өзгертуде, ұлы орыс, украин халықтарының және еліміздің басқа халықтарының өзіне көрсеткен баға жетпес туысқандық көмегін қазақ халқы ешуақытта да ұмытпайды. Кәзіргі уақытта, еліміздің ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы бүкілхалықтық күрес күндерінде, Қазақстанның еңбекшілері 6 миллион 400 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игерудің зор абройына ие болып отырған кезде, қазақ халқы біздің республикамызға өзінің мыңдаған таңдаулы ұлдары мен қыздарын жіберген даңқты украин халқының туысқандық көмегін тағы да сезіп отыр, ал, украин халқының ұлдары мен қыздары Қазақстанның еңбекшілерімен бірге осы құрметті міндетті орындау үшін жанаямай еңбек етуде.

Украин халқы өз тарихының осы даңқты күнін өзінің творчестволық күштері кемеліне келген жағдайда атап өтуде. Соғыстан кейінгі жылдарда Советтік Украина бұрынғыдан да көркейіп, бұрынғыдан да гүлденіп өсті, оның қалалары мен селолары бұрынғыдан да сәулеттен түсті. Украин ССР-нің соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне еліміздің барлық халықтарымен бірге өзінің азды-көпті үлес қосқанын қазақ халқы мақтан етеді.

Советтік Қазақстанның еңбекшілері сүйікті Отанымыздың даңқы үшін, елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісінің салтанат құруы үшін украин халқының даңқты жаңа жеңістерге жете беруін шын жүректен тілейді.

Біздің ұлы Отанымыздың күші мен қуатының қайнар бұлағы— ССРО халықтарының мызғымас достығы жасап, нығайт берсін!

Біздің туысқан Совет Үкметі жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

## Барлық күш-мүмкіншілік егіс жұмыстарын тез аяқтауға жұмылдырылсын

### ★ ӨКІЛДЕР САПАРҒА ШЫҚТЫ ★

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Кундеренко жолдастың кабинетінен абыржулы шыққан жалпы бөлімнің меңгерушісі Дюкарева өз бөліміндегі телефонның жанына жүгіре басып келді де, оның трубкасын құлағына тосты.

—Алло, телефонистка... мен Кундеренко жолдастың тапсыруы бойынша, кәзір аудан орталығындағы барлық мекемелермен телефон арқылы сөйлесемін. Менің сөйлесіп болуымды аңдып отыр да. Кезекті мекемемен тез жалғастыратың ба! Ұқтың ба? Ал, ең алдымен өрт қауіпінен сақтау инспекторы Смирновпен жалғастыр!

—Алло, кім телефонда? Смирнов жолдас, сәлеметсіз бе... Тез Кундеренконың кабинетіне келіңіз.

—Почта, аудандық комендант Синичкин керек.

—Синичкиннің бе, тоқтаусыз Кундеренко жолдастың кабинетіне жет!

—Бұл қауіпсіздендіру мекемесі ма? Бәйкенов, Шәріпов жолдастар бір минуттан кейін Кундеренконың кабинетінде болсын!

—Бұл қайдан, ДОСААФ-па? Бастығын Кундеренкоға келсін!

Шақырылғандардың алды келе де бастады. Міне, «Заготживсырьё» конторының бастығы Байділдин, денсаулық сақтау бөлімінің физкультура-спорт жөніндегі нұсқаушысы Влудчий, мәдениет үйінен Калиасқаров жолдастар да келіп қалды. Аудандық Совет атқомінің нұсқаушысы Мergenov, дайындау бөлімінің инспекторы Ыбраев, мал дайындау мекемесінен Құсайынов жолдастарда жетіп үлгерді. Аудан басшыларының мұндай асығыс кабинетке шақыртуларының сырын бұрыннан білетіндер: «неболды дейсің, тағы да колхоздарға командировкаға жіберу де» десіп келеді.

—Жолдастар, жағдай өте-өте нашар, — деп күрсіне сөйледі Кундеренко жыйналғандарға. — Газеттерден егіс жұмыстарының барысы туралы 15 майдағы мәліметті көрген боларсыздар. Масқара, артта қалып қойыңыз. Мұндай жағдайда аудан орталығында тыныш отыруға болмай-

нің қайда баратыны белгіленген тізім де оқылды.

—Кімнің қай колхозға баратыны түсінікті ме, басқа сурауларыз бар ма? — деген Кундеренко жолдастың сөзіне кейбір мекеме қызметкерлерінің түрлі жағдайларын айтып, колхозға шығуға білдірген «әлсіз ғана қарсылықтарын» Кундеренконың «ешқандай жағдайды еске алып, ешкімді де командировкадан қалдыра алмаймыз» деген сөзі басып тастады. Жыйналғандардың бәрі де колхозға баруға еңжар ғана бас изесіп, осы кабинеттен шығысымен сапарға шықпақ болып тастады.

Октябрь ауданы облысымыздағы ең ірі астықты аудан. Облыс колхоздарында үстемізге жылы игерілуде тиісті тың және тыңайған жерлердің төрттен бір бөлігін дерлік осы ауданның колхоздары игереді. Көктемгі дала жұмысының көлемінің едәуір көбейіп отырғанына қарамастан колхоздар мен МТС-тер егіске нашар әзірлікпен кірісті. МТС-терде көптеген тракторлар сапасыз жөндеген. Осының салдарынан әрбір МТС-терде күн сайын кемінде 4—5 трактор сынып, босқа тұрады. Ол-ол ма, тіпті Торанғұл МТС-нде 5 трактор осы уақытқа дейін жөнделіп болмаған. Жөндемеген бірнеше трактор Коновалов МТС-нің де мастерскойында әлі тұр.

МТС басшылары трактор бригадаларын тіркеу саймандарымен, әсіресе, дискелермен, тырмалармен толық жабдықтамаған. Осы саймандардың жетімсіздігінен аудан колхоздарында өткен жылы жыртылған 29 мың гектардан астам пар мен зябь өңделмеген жатыр. Ленин атындағы, «Смычка», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының арқайсысында 700—800 гектар жыртылған жер өңделмей, топырағы мүлдем құрғап кеткен. Көп колхоздардағы трактор және егіс бригадаларында еңбек тәртібі нашар. МТС, колхоз басшылары техника күші жұмысқа өнімді пайдалануды ұйымдастыруда дәрменсіздікке салынып отыр. МТС партия ұйымы мен колхоздардағы бастауын партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыстардың дәрменсіздігінен аздап өткізіп келеді.

төзгісіз артта қалуына әкеліп соқты.

Колхоздарда көктемгі егіс жұмыстарының сылдыр жүргізіліп, өте ұзаққа созылып отырғанына қарамастан, аудан басшылары — ҚКП аудандық комитетінің секретарьлары Кундеренко, Корнич, аудандық Совет атқомінің председатели Мусин жолдастар бұл жұмысқа аудан орталығында, кабинетте отырып, басшылық жасаудың бюрократтық, кеңесшілік теріс әдістерінен арыла алмай келеді. Олар ең мықтағанда, аудандық мекемелердің қызметкерлерін кабинетке шақырып алып, колхоздарға жіберу сияқты ескірген әдістерді қолданып жүр. Соның өзінде, колхоздарға көбінесе, ауыл шаруашылығын нашар білетін, ұйымдастырушылық қабілеті аз адамдар жіберіледі. Басшылар бұдан істің жайы өзгермейтінін көрседі көрмегенсіңді. Шынында, колхоздарға барған өкілдер ештеңе бітірместен босқа жүр. Олардың кейбіреулері өздерінің жұмыстарын неден бастарын да білмейді.

Егіс жұмыстарының барысында, әсіресе, Торанғұл МТС-і артта келеді. МТС бескүндік тапсырмаларды бірде-бір рет орындаған емес. Жағдай осындай болса да, егіс басталғалы Кундеренко, Корнич, Мусин жолдастардың бірі де бұл МТС-те болмады. Сол сияқты, олар Ворошилов атындағы, Коновалов МТС-терінде де сирек қана болып, істің жайымен, көбінесе, телефон арқылы танысады. Тегінде, аудан басшылары МТС-тердің барлық жұмыстарына басшылық етуде ҚКП аудандық комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретарьларына ғана сеніп, өздерінің оларда болып тұруын қажет деп таппаса керек. Сонымен қатар олар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысының: «колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық ету ісі, көбінесе, ауылшаруашылық науқандарын өткізу кезінде жергілікті орындарға көп реттерде ауыл шаруашылығын білмейтін өкілдер жіберу арқылы жүзеге асырылады, мұның өзі шаруашылық басшыларының тапсырылған іс үшін жауаптылығын кемітеді» деп атап көрсеткенін жете түсінібесе керек.

- Р. Уәлиев —Тоқарь Алексей Иванов (2-бет).
- Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы.
- И. Сенин—Халықтардың достығы мен туысқандығының мейрамы (3-бет).
- Т. Жолымбетов —Мәдени-үгіт бригадасы колхоздарда (3-бет).
- З. Қаскеев —Ленин атындағы колхозда (3-бет).
- Р. Сафимова —Селолық дәрігер (4-бет).
- Г. Көрпешова —Мәдениет және демалыс паркінде (4-бет).

күресі, есінің аяғын күндерінен бастап аямай, қажырлықпен еңбек етіп келеді.

Егіске жан-жақты, мұқият әзірленген колхоздар, МТС-тер мен совхоздар дәнді дақылдар егісін егуді аяқтап, мол өнімнің негізін қалады. Мұндай озат совхоздар мен колхоздардың қатарына Булаев, Чистов, Явленка совхоздарын, Булаев ауданындағы Калинин атындағы, Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы, «Колос», Совет ауданындағы Молотов атындағы, «Совет» колхоздарын қосуға болады.

Бұл совхоздар мен колхоздарда егіншілердің еңбегі дұрыс ұйымдастырылды. Егіске қажетті машиналардың қуаты өнімді пайдаланылды. Трактор бригадаларында, сондай-ақ егіс бригадаларында социалистік жарыс кең өріс алды. Осылардың нәтижесінде аталған совхоздар мен колхоздарда дәнді дақылдар егу жоспары мерзімінде орындалды және егістік жерді жұмыстауда, оған тұқым себуіде агротехникалық ережелер қатаң сақталды. Көзір бұларда мал азығындық дақылдарды, картоп, оwoщь дақылдарын егу жұмысы қызу жүргізіліп жатыр.

Дегенмен, облыстың көп колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстары, әсіресе, дәнді дақыл егу жұмыстары әлі күнге аяқталған жоқ. Жекелеген колхоздар мен совхоздарда мал азығындық дақылдарды, картоп пен оwoщьты егудің ұзаққа созылып отырғанын айтпағанның өзінде, дәнді дақылдарды егу жұмыстары да кепірісіз ұзаққа созылып отыр. Істің жайы осылай бола тұрса да, артта қалған колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, аудандардың басшылары бұл кемшіліктерге төзумен келеді.

Октябрь, Ленин, Преснов, Мамлют, аудандары облысымыздағы астықты аудандар болып саналады. Сонымен бірге, әсіресе, бұл аудандардың басшылары егіс жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырулары, оны көктемнің қолайлы мерзімінде агротехникалық ережелерге сай, үлгілі өткізулері керек еді. Бірақ, аталған аудандардың басшылары бұл тілекті орындай алмай келеді. Октябрь ауданының колхоздарында 20 майға дейін барлық дәнді дақылдарды себу жоспары 54,4 процент, оның ішінде жаздық бидай егу жоспары 64,6 процент, Ленин ауданында барлық дәнді дақылдарды егу жоспары 57,3 процент, оның ішінде жаздық бидай егу жоспары 65,7 процент ғана орындалып отыр. Ал, Преснов, Мамлют аудандарында да жұмыстың қарқыны өте-өте баяу.

Бұл аудандардың егіс жұмыстарында артта қалуының себебі не? Оның себептері алдымен колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, аудандардың басшылары-

дармауында. Мысалға егіс жұмыстарынан ең артта қалып қойған Октябрь ауданындағы жағдайды айталық. Бұл ауданның басшылары колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға сирек бару, олардағы істің жайын нақтылы білмей, кеңседе отырып басшылық ету сыяқты әдеттен әлі арықтан жоқ. Мұндай фактілер алдымен аудандық партия комитетінің бірінші секретары Кундеренко, аудандық Совет атқарушы комитетінің председателі Мусин жолдастардың өздерінде бар.

Рас, Кундеренко жолдас егіс жұмыстарынан ауданның артта қалып қойғанына қатты қынжылып, абыржытын көрсетті. Бірақ, оның бұл жұмысқа қарқын туғызып деген ойы, ол үшін істеген ісі колхоздарға көптеп өкіл шығару, өкілдерге жұмыстың жайын шұғыл жақсарту жөнінде нұсқау берумен ғана тыныш келеді. Жақында ол өзінің осы ескі әдісін тағы да қолданып, колхоздарға аудан орталығынан көптеген өкіл шығарған. Оларға егіске нақтылы, дұрыс басшылық жасап, қарқын туғызу жөнінде қатаң тапсырыстар берген. Алайда, онымен Октябрь ауданында істің жайы жақсармай келеді. Ауданда дәнді дақылдарды егу жоспары орта мөлшерден аз-ақ артық орындалды. Мал азығындық дақылдарды, картоп, оwoщь егістерін егу ауданның көп колхоздары мен совхоздарында қолға да алынған жоқ.

Мұндай елеулі кемшіліктер Ленин, Преснов, Мамлют аудандарында да жоқ емес. Бұл аудандардың да колхоздары мен совхоздарында тракторлардың босқа тұруы, оларға жанар, жағар майлардың және судың кезінде жеткізілмеуі, тракторшылардың жұмысқа кеш шығып, ерте аяқтауы сыяқты фактілер жиі кездеседі. Міне, осының барлығы аталған аудандарда егіс жұмыстарының кешіргісіз ұзаққа созылуына ең негізгі себеп болып отыр.

Облыс егіншілері көктемгі егіс жұмыстарының ең жауапты және ең шешуші кезеңдерін өткізуде дедік. Олай болса, бұл жауапты және шешуші кезеңді ойдағыдай өткізу үшін егіс жұмыстарына немқетті қараушылықты, «уақыт жетеді ғой, үлгерерміз» деген зиянды пікірден арылмай келе жатқандықты мүлдем жойып, егіс жұмыстарына істің жайын жете білу арқылы, байыптылықпен нақтылы басшылық ете білу керек. Егер колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, аудандардың басшылары трактор және егіс бригадаларына, олардағы егіншілерге дұрыс басшылық ете білсе, онда егіс жұмыстарының осы бескүндікте ойдағыдай аяқталатындығына күмән жоқ.

Бүгінге дейін егіс жұмыстарынан арт-

да механизатор кадрлары да аз емес. Озат тракторшылар, тіркеушілер, тұқым себушілер және басқа мамандықтағы егіншілер көптен саналады. Мұның өзі аудандарда істің жайын жақсартуға толық мүмкіншілік бар екенін көрсетеді. Ендігі әдіме аталған аудандардағы партия, совет ұйымдарының қолға бар зор мүмкіншіліктерді іске тиімді пайдалана білулерінде болып отыр.

Егіншілердің алдында тұрған бүгін таңдағы міндет — дәнді дақылдарды егу жұмысын агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтау. Сонымен бірге мал азығындық дақылдарды, картоп, оwoщь егістерін егуді қысқа мерзімде тыңғылықты өткізу. Бұл үшін трактор және егіс бригадаларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы, жұмыс уақытының және техника қуатының толық пайдаланылуы, социалистік жарыстың кең өрістетіліп, әрбір егіншінің өзіне жүктелген міндетті мерзімінде және жоғары дәрежеде орындауы керек. Тек сонда ғана еңбек өнімділігі арттырылады, жұмысқа қызу қарқын туады, егіс жұмыстарының ойдағыдай аяқталуына жағдай жасалады.

Егіс жұмыстарын үлгілі аяқтау күресін партия, совет, комсомол және басқа да қоғам ұйымдары ұйымдастыруға тиіс. Шаруашылық міндеттердің табысты орындалуы партия ұйымдарының партиялық-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарының дәрежесіне тікелей байланысты. Демек, қай жерде партиялық-ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмыстары жақсы, жоғары дәрежеде жүргізілсе, сол жерде шаруашылық міндеттердің де кезінде орындалып келе жатқандығы озат колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, кәсіпорындарының тәжірибесінен айқын көрініп келеді.

Трактор және егіс бригадаларында еңбек өнімділігін арттырудың тағы бір шарты — оларда социалистік жарысты ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге оның орындалуын үнемі тексеріп, қорытындысын кезінде шығарып отыру, жарыста озып шыққан озаттардың тәжірибелерін кеңінен насихаттап, көпшіліктің игілігіне айналдыру, егіншілік кәсібіне ғылымның табыстарын енгізе білу. Партия ұйымдары бұл мәселеге үнемі көңіл бөліп отырулары керек.

Көктемгі егісті қысқа мерзімде және жоғары дәрежеде өткізу — СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының егіннен мол өнім алудың негізін қалау жөнінде алға қойған міндеттерін жүзеге асырғандық болып табылады. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары бұл аса жауапты және құрметті міндетті мінсіз жүзеге асыру күресін шеберлікпен ұйымдастырулары керек.

тық комитетінің секретары Лосев жолдас баяндама жасады.

Ленин орденді Мемлекеттік Кіші Театрдың біздің облысымызға келген коллективі салтанатты жыйналысқа қатысушылар үшін Н. Островскийдің «Батыл жерде» атты пьесасын қойып берді.

шығу керек.

Бұдан кейін колхозға барушылар қандай мәселеге назарды көбірек аудару керек екендігі ескертілді. Оның ішінде кейбір кесек-кесек міндеттер де айтылып жатты. Сөз арасында «нажимайте на председателі колхозов» деген сөздер кабинетті жаңғыртады. Колхоздарға жіберілгелі отырған өкілдерге мәжілістің соңында кім-

ген озат егіншілердің іс тәжірибелерін қолдан, оны басқаларға кеңінен таратуға аз көңіл бөледі. Социалистік жарыста алынған міндеттемелердің сөзсіз орындалуы қадағаланбайды. Трактор және егіс бригадаларын мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісі өз дәрежесінде емес. Осындай өрескел кемшіліктердің орын алуы аудан колхоздарының егіс жұмыстары жөнінде

дегі мұндай жарамсыз әдістерден арылатын уақыт жетті. Олай болса, Октябрь ауданының басшылары өздерінің колхоздарға, МТС-терге басшылық етудегі кемшіліктері мен қателіктерінен тиісті қорытынды шығарулары керек.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**  
(Өз тілшіміз).

## Комсомол-жастар бригадасында

Преснов МТС-нің қамтуындағы «Сталин жолы» ауылшаруашылық артелі үстіміздегі жылы жүздеген гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, оған дәнді дақыл егістерін себеді. Бұл жұмысты жүзеге асыру жолында кубандық Павленко жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы аялбай еңбек етуде. Бригада мүшелері егістің алғашқы күндерінен бастап, техника қуатын толық пайдалана отырып, нормаларын үнемі артығымен орындауда.

Жер жыртуда әсресе, Лагутин, Прима-

ков жолдастар елеулі табыстарға жетісіп келеді. Олар «ДТ-54» тракторымен өздерінің сменалық тапсырмаларын 125—130 проценттен орындап, едәуір жағар және жанар майларын үнемдеп жүр. Сол сыяқты, бригада механизаторлары егіс себу жұмысын да ойдағыдай жүргізуде. Көзірдің өзінде мұнда 800 гектардан астам алаңға егін себілді. Оның 400 гектары жаңа жер есебінен.

Сондай-ақ, бригада да үгіт-бұқаралық жұмысы жақсы жолға қойылған. Мұнда

тракторшы Будакин жолдас басқарған комсомолдар тобы жұмыс істейді. Тракторшы комсомолец Шимакович жолдас механизаторлармен үнемі әңгіме өткізеді. «Жауынгерлік листоктар» кезінде шығарылады. Сол сыяқты, бригадада газет, журнал, шахмат, дойбы және музыка аспаптары бар. Мұның бәрі бригада мүшелеріне жұмыстан бос уақыттарында мәдениетті дем алуына жағдай туғызып келеді.

**М. ӘКІМЖАНОВ.**



Асанов МТС-де (Петропавл ауданы) жаңа жөндеу мастерскойының коллективі мастерскойды Ұлы Октябрь революциясының 37 болып, пайдалануға беруге міндеттеніп отыр. Көзіргі уақытта бұл міндеттемені орындау жолындағы жарыс қыза түсуде. СУРЕТТЕ: (оңжақта) прораб Д. Ушаков және мастер Г. Емельянов бойынша жүргізілуін бақылауда. Сол жақта — нивелировщик Д. Расновский жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн

## САЛТАНАТТЫ ЖЫЙНАЛЫС

Кеше, 22 майда облыстық драма театрының үйінде Петропавл қаласы еңбекшілерінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған салтанатты жыйналысы болып өтті. Оған қаланың кәсіпорындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, мекеме қызметшілері, оқытушылар, дәрі-

герлер, жұртшылықтың басқа да өкілдері, барлығы 750 адам қатысты.

Салтанатты жыйналысты еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің атқару комитетінің председателі М. Савин жолдас ашты. Жыйналыста «Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы» ККП Солтүстік Қазақстан облыс-

# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Әсерлі үгіт, игі нәтиже

Полудень МТС-нің № 3 трактор бригадасының есепшісі Дмитрий Григорьевич Тонконогов тракторшы Әубәкір Лылаев жер айырып жүрген алаңға келгенде күн уясына неқ артқан кез еді. Батып бара жатқан күннің қызыл арай шұғыласы батыс беткейді нұрға малып, ұшы-қыбырыша кез жетпес бетегелі алқапты ерекше көріктендіріп тұр.

Бұл кезде «ДТ—54» тракторымен жер айырып жүрген Әубәкір алаңның арғы басында жүр еді. Гүрілімен осынау даладағы еңбек үніне толтырып жүрген трактордың жіті жүрісіне біраз уақыт қарай тұрды да, есепші жұрттың жерді өлшеуге кірісті. Желел басып, жер өлшегіштің адымын жиілете түскен ол жұрттың алаңды түгел өлшеп болып, өның қорытындысын шығара бастады.

— 8 гектар — бір күнді көрсеткіш, — деді ол, — жақсы нәтиже. Бірақ...

Осы «бірақ» деген сөз екі-үш күннен бері оны көп ойландырып жүргендігі. Өйткені, көктем егісі басталғала трактор бригадасының механизаторлары өз нормаларын күн сайын асыра орындан жүргенмен, әлі де болса тракторшылардың өз мүмкіншіліктерін толық пайдаланбай жүргендігі оған аян болатын. Мәселен, бригаданың озат тракторшысы Әубәкір Лылаевты алайық. Ол күнделік тапсырмасын 120—130 проценттен жем орындап жүрген жоқ. Бірақ, осы озат механизаторлардың өз көрсеткішін әлі де болса жоғарылатуға толық мүмкіншілігі бар. Оған Тонконоговтың соңғы екі күнде көзі жетті. Өйткені, Лылаевтың алаңды әрбір оралып келген сайын кем дегенде 10 минут уақыт үнемдеуге мүмкіншілігі бар. Рас, уақыт озған сайын жұрттың алаңның көлемі де ұлғайып, тракторлардың алаңды оралып келу уақытын ұзартады. Бірақ, осы көлемі кеңіген жердің өзінен уақыт ұтуға болады. Оған Әубәкірдің кейбір оралымында алғашқы оралымнан тері 10—12 минут бұрын келуі...

Дмитрий Григорьевич бұл оймен тұрғанда алаңды оралып, Лылаев та ол тұрған жерге келіп жатып еді. — Сәлем бердік, — деді тракторшы, — қалай ойдың құшағына кіруден қалайсыз? — Сенің әлі де болса өз мүмкіншілігіңді толық пайдаланбай жүргеніңе қыңжылып тұрмын. — Мен күнделік тапсырманы бір жарым есеге жуық орындасам да мүмкіншілікті толық пайдаланбай жүрмін бе? — Лылаев бұл пікірге айтар себебін болмас дегендей пішінмен есепшіге түйіле қарады. — Сенің әлі де болса бір сменада бір жарым сағат уақыт үнемдеуге мүмкіншілігің бар. — Дмитрий Григорьевич енді тракторшыға ол уақытты қалай үнемдеу туралы өз ойын айта бастады. — Бүгіннен бастап түскі тамақты аңыз басында ішетін боласыздар. Сонда, тағы...

тың тракторшы жоқ. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесінде біз бескүндік жұмыс жоспарын 115 процент етіп орындадық. Бірақ, біздің еңбек өнімділігін бұдан да жоғары арттыруға толық мүмкіншілігіміз бар. Мәселе сол мүмкіншілікті пайдалану жолдарын белгілеуде болып отыр.

Бұл мүмкіншіліктің мысалы ретінде Дмитрий Григорьевич бір тракторда істейтін тракторшылар Лылаев пен Иванищевтің еңбек көрсеткіштерін айтып өтті. — Өткен күні, — деді ол, — тракторшы Лылаев «ДТ—54» тракторымен 45 гектар орнына 65 гектар егістік алаңды өзімен тырмалады. Ал, осы тракторда істейтін тракторшы Михаил Иванищев сондай уақыт ішінде 55 гектар жер тырмалады. Екі тракторшы көрсеткіштерінің екі түрлі болу себебі не?

Дмитрий Григорьевич Иванищевтің тракторды әлі де болса еркін менгеріп жетпегендігін және уақыт үнемдеуде көптеген сабақтыққа жол беретінін талдауға кірісті. — Ең алдымен Иванищев трактордың техникалық күтіміне жеткілікті көңіл аудармай жүр. Соның салдарынан ол кей кезде жұмыс үстінде тоқтап қалады. Мәселен, ол бұрнағы күні плугтің тракторға жөндеу тіркелмегенін жұмысқа кірісер алдында байқамағандықтан, бұған алаң үстінде 15 минут уақытын өткізді.

— Менің ойымша, сен Михаил Дмитриевич тың жерді айырағанда трактор жүргісің бірқалыпта ұстайсың. Ал, жер бедері әртүрлі. Сол сыяқты, әр бедердің қаттылығы мен жұмсақтылығы да түрліше болады. Сондықтан осы сыяқты жер бетінің түрлілігіне байланысты трактор жүрісің де өзгертіп отыру керек, — деді Әубәкір Лылаев механизатор Иванищевке, — сен бүгінгі сменада менің жаныңда бол, мен бұл жағдайды үйретейін.

Үгітшінің әңгімесінде сөз болған мәселе тектәна Иванищевтің өз мүмкіншілігін әлі де болса толық пайдалана алмай жүргендігі туралы ғана емес, «С—80» қуатты тракторының тракторшысы Голубьев туралы да болды. — Голубьев жолдас жүргізетін тракторға тың жерді айырағанда 10 корнусты плуг тірбеген дұрыс. Бірақ, жұмсақ жерді айырағанда бұл аз болады. Оған тағы да екі корнусты плуг қосқан жөн. Ал, Голубьев бұл жерді де 10 корнусты плугпен айырып жүр. Оның еңбек өнімділігін төмендетіп жүрген жағдайлардың басты себебі осы, — деді тракторшы Зинин, ол тұрады.

Бригаданың барлық механизаторлары қызу қатысқан бұл әңгімеде еңбек өнімділігін арттырудың жолдары белгіленді. Тракторшылар өз жұмыстарында кездесіп отырған кемшіліктерді жою шаралары туралы айтты. — Өңгіменің ең соңында үгітші, әрі бригаданың есепшісі Дмитрий Григорьевич Тонконогов бригаданың бескүндік жұмыс қорытындысын қабырлады.

Қоңдыбаевтың тракторіне іліп жатқанды...

Бригада механизаторларының вагоншасына Сталин атындағы ауылшаруашылық артелинің № 3 дала бригадасының бригадирі Очкалов пен трактор бригадасының бригадирі Федор Михайлович Казанцев келген кезде Дмитрий Тонконогов алпа сайын шығарылатын «Крокодил» атты сатиралық газетті шығарып болып, көрсеткіш тақтасына тракторшылардың бүгінгі еңбек көрсеткіштерін жазып жатқан болатын.

Амандықтан кейін Дмитрий Григорьевич колхоз бригадирі Очкаловты «Крокодил» газетіндегі суреттермен таныстыра бастады.


— Міне, мынау әлі ұйқысын аша алмай отырған адам сіздің бригаданың, — деді ол. Кеше оның тұқымды алаң басына деркесінде жеткізіп бермеуі салдарынан тұқым себушілер жарты сағаттай уақыт текке қарап тұрды.

Трактор бригадасы есепшісінің баппен айтқан бұл сөздері Очкаловты қатты ұялтты. МТС көлемі бойынша ең озат деп саналатын бригаданың жұмысына әлдебір дәрежеде бөгет тигізген өз колхозшысының механизаторларға тұқымды деркесінде жеткізіп бермеуіне ол әжептәуір қысылды. Өйткені, дала бригадирі өздерінің әрбір минутың есепке алып, жұмыс істейтін тракторшылардың әдетін де білетін еді. — Онымен өзім сөйлесермін, — деді Очкалов, — бұдан былай ол тұқымды мезгілінде жеткізіп тұрады.

Дмитрий Григорьевич жарайды дегендей кейін білдірді. Олардың ендігі әңгімесі жұмыс жағдайына ауысты. Екі бригаданың алдағы істерінің жоспарын бірлесіп жасаған олар өздерінің қас қарайғанша отырып қалғандықтарын айдаған да жоқ. — Мен ертең механизаторлармен «Біздің колхоздың болашағы» деген тақырыпта әңгіме өткізуші едім, — деді Тонконогов, енді кетуге дайындалып жатқан Очкаловқа, — сол әңгімеге қатысып, өз бригаданың болашағы туралы айтсаңыз жақсы болар еді.

Бұл кезде өз сменаларын аяқтаған тракторшылар да вагоншаға жыйнала бастаған болатын.

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелинің еңбек даласында жұмыс істейтін № 3 трактор бригадасы Полудень машина-трактор станциясындағы ең үлгілі трактор бригадаларының бірі. Бұл бригада быйылғы жылы 965 гектар жер айыруға, оның ішінде 300 гектар тың жер көтеруге міндеттенгенді. Бұл бригаданың мүшелері өз міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Көктемгі егісті қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізген олар жуырда өздерінің бұл алғашқы табыстарын атап өтті.



Адждар АССР. КБООС-тың Жасыл мүйіске орналасқан санаторий бүкіл жыл бойына жұмыс істейді. Мұнда көзір Уралдан, Сибирьден, Қыбыр Сол түстіктен келген еңбекшілердің үлкен тобы дем алады.

СУРЕТТЕ: санаторийдің бір көрінісі. Суретті түсірген В. Бабаян. (СОТА-ның фотохроникасы).

### Москва түбіндегі аса ірі овощ өсіретін комбинат

Москваның шеткі аймақтарының бірінде орналасқан «Тепличный» совхозында үлкен құрылыс басталды. Мұнда теплица-парник комбинаты жасалуда, 6 гектарға жуық алаң айнекпен жабылатын болады.

Кәзір құрылыс алаңында котловандар қазылуда, ірге тастар қалануда, жылыту трубалары салынууда. Совхоздар құрылысын жобалау жөніндегі Бүкілодақтық мемлекеттік институттың (Гидросовхозстрой) бір топ қызметкерлері жасаған жоба бойынша жаңа типті теплицалар салынууда. Теплицаны болат және темір бетон бөлшектерден салу ұйғарылды, мұның өзінде трубалардан жасалған конструкциялар бір жарынан жылыту жүйесі болып табылады. Теплицаларға жақын жердегі орталық бу электр станциясына алынады. Кең теплицаларда біртарап еңбек көп келетін жұмыстар: топырақты ауыстыру және оны балтау, өнімді тасымалдау және басқалары тұңғыш рет механикаландырылады.

10 мың рамалы жаңа парниктер жасалуда, олар су және электр-арқылы жылытылады.

Өрқайсысы 600 шаршыметр желетін алғашқы 10 теплица быйылғы жылдың аяқ кезінде өзінде-ақ қатарға қосылуға тиіс.

## Токарь Алексей Иванов

Алексей Андреевич Ивановпен өзінің жұмысы жайында әңгімелесе қалсаңыз:

— Темір жол транспорты... Мұндағы күні-түні бірдей тынбастан қайнап жатқан қызу еңбек мені жас кезімнен-ақ қызықтыратын еді. Паровоздың сом темір тұлағасы, жер бетін қуалай жұйткі зымыраған оның жүрісі мені біртүрлі өзіме тартатын да тұратын. «Темір жол транспортында қандай да болса бір қызмет атқарсам» деп бала көңілімен арман етуші едім, — дейді.

...Көзден мақсатына жетуге бекін бекем байлаған Алексей Иванов 1936 жыл темір жол торабындағы ФЗО мектебіне оқуға түседі де, оны үздік бағамен бітіріп, слесарь мамандығын алып шығады. Біраз жыл Петропавл паровоз депосында слесарь болып істейді. Мұнан кейін Совет Армиясының қатарына алынып, одан қайтып оралған соң Петропавл вагон жөндеу депосының механикалық цехына токарлық мамандығы бойынша қызметке орналасады.

Алексей Андреевич токарлық жұмыста ұқыпты қабілетті екендігін алғашқы айлардың өзінде-ақ көрсеткен болатын, — дейді цех мастери Зинченко жолдас. — Алғашқы кезде ол вагондарға қажетті қосалқы бөлшектерді жасап беруде жұмыс істеді. Бір жыл өтпей-ақ ол еңбекте үздік шығып жүрт көзіне түсті. Сменалық тапсырмасын асыра орындап, мінсіз сапалы өнім беріп жүрген таңдаулы жұмысшылардың дәрежесіне көтерілді. Сондықтан да көп ұзамай депоның басшылары оған жоғары разрядтағы токарлық жұмыс беріп, зор сенім көрсетті. Осы сенімді Иванов жолдас аброймен ақтап келеді.

...Міне, Алексей Андреевич жұмыс істейтін «Партияның 16—сезі» деп аталатын қуатты токарлық станок. Фракциялық ырысқа өшпен іске қосып еді, станоктың детальді өңдеу үшін орнатқан патронының білігі қозғалысқа келіп зымырай жөнелді. Ондағы өткір кескіш сом металды қалың қоныш ала жөнелгенде одан қызылды жасылды жоңқалар шыйыршықталып, сыртқа атыла бастады. «Өңделіп жатқан детальдан ақау кетіп қалмасын» деп ойлады ма, токарь патронды жайымен тоқтатты да, штангель циркуль қолына алды. Содан соң детальдің қалай өңделіп жатқанын байқады. Алексейдің әбден қаңыққан нұры өткір көзінен кәте көтпесе керек!

— Әлі де болса бір жарым миллиметрдей қалың жону керек, — деді ол бізге қарап, өз ісінді жайын түсіндіркендей. Сөйтті де станокті қайтадан іске қосты.

— Бұл детальді, — деді цех бастығы Зинченко жолдас, — «шаншрдің вогон ползуны» деп атайды. Оны токарь Иванов жолдас доңғалақ жасайтын шехтың станогі үшін жасап жатыр. Ал, онда бұл деталь вагон доңғалақтарын қайрап, тегістеу үшін қолданылады.

Алексей Андреевичтің станогында бір гана формада емес, көптеген формадағы детальдар жасалып өңделеді. Сол себептен бұл станокты кейде «Универсал» станок деп те атаймыз. Осыған байланысты токарь бір сменаның өзінде жоспарда көрсетілгендейін басқа сан алуан детальдар

тып, қозғалысқа желтірді де өткір кескішпен жона бастады...

Алексей Андреевич жаңа заказды алғанда уақыт күндізгі сағат 12-нің кезі еді. Ал, кәзір сағат 5.

— Тапсырманыз дайын, қабылдап алыңызға болады, — деді токарь манадан бері оның қасынан кетпей жүрген механик Липатов жолдасқа.

— Жарайсыз, Алексей Андреевич. Детальді әрі шапшаң, әрі сапалы өңдеген екенсің, — деді токарьдің ісіне риза болған механик.

Цех мастериінен сұрағанымызда бұл заказды орындап беру үшін норма бойынша 16 сағат уақыт керек екен. Токарь Иванов 5-ақ сағаттың ішінде орындап шықты. Ал, оның бүгінгі сменалағы жұмысының нәтижесі—360 процентке жеткен екен.

Ол мұндай табыстарға қалай не болып жүр?

Бұл сұраққа токарь Иванов: — Станоктың қуатын сарға пайдалана білсең, — ұтасың деп қысқа жауап берді.

— Бұған дейін жөндеуге қойылған вагондар доңғалақтарын тегістеуге тікелей байланысы бар ролик жасау үшін 4-5 сағаттай уақыт келетін. Мен мұны түптілік шебермен жасап, өңдеудің жаңа ұтымлы жолын таптым. Осының нәтижесінде жұмыс уақыты 2 сағатқа дейін қысқарды, еңбек өнімділігі екі есе артты, өнім жоғары санада берілетін болды, — дейді токарь.

Иванов жолдас өз станогында үнемі шапшаңдатылған өңіспен жұмыс істеп келеді. Мәселен, Иванов жолдас металды алғаш рет станок білігінің минутына 700 айналымда жонады да, бұранда кесуді 400 айналымда, ал, соңғы өңдеу жұмыстарын 150 айналымда орындайды.

— Станокта осынау зор әрі жауапты операцияларды орындау үшін қаншақты зейінділік, ұқыптылық, шеберлік пен шапшаңдық керек десеңізші, — дейді цех мастери Зинченко жолдас озат токарьдің игілігін мақтаншып етіп. Иванов жолдасының бойында шебер токарьға тән қасиеттің бәрі де бар. Бұған ол творчестволық жетілген іздену, токарлық мамандығын жетілдіру, техникалық әлебиеттері көп оқу, өзіміздің озат адамдарының іс тәжірибесін тынбай үйрену арқылы жетіскен. Алексей Андреевич жұмыс орынын өркішан таза және тәртіпті ұстайлы, қажетті құрал-жабдықтар орын-орындарында дайын тұрады. Осының бәрі оған еңбек үстінде жұмыс уақытының әрбір минутың тиімді пайдалануға, әрбір операцияның шапшаң орындауға, өнімді көп және сапалы өңдеуге мүмкіндік беруде.

Депоның партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары таңдаулы токарьдің озат іс тәжірибесін көптің игілігі етіп, коллектив арасында көңілен таратып отырады. Оның қажырлы еңбегі жоғары бағалануда. Андрей Алексеевичтің аты вагон депосының күрмет тақтасының бетінен еш уақытта түсіп көркен емес. Ол жыл сайын наградтар мен бағалы сыйлықтар алып отырады.

Кәзір озат токарь Москва қаласы мен Москва облысы алдыңғы қатарлы кәсіп орындары қолжеткізетіндей еңбек өнімді

(СОТА).

—деді ол сөзінің қорытындысында.

Бригада есепшісінің бұл сөздері мен уақытты үнемдеу жолы туралы айтқан пікірі Лылаевты біраз ойландырды. Ал, алаңды екі, үш рет айналып өтудегі өзінің уақытын салыстырып есептеу еған есепші сөзінің дұрыстығына көзін жеткізгендей болды.

—Жолдастар! Менің бүгінгі әңгімем бригадала еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне арналмақ, — деп бастады өзінің сөзін үгітші Дмитрий Григорьевич. — Бәріңізге белгілі, біздің бригадала өзінің күнделік тапсырмасын асыра орындамай-

лауын бұл бескүндіктің қорытындысында «ЧТЗ—НАТИ» тракторында жұмыс істейтін Игнат Егорович Бравлик және Ермаганбет Қоңдыбаев жолдастар жеңіп алды. Олар әрбір сменала 45 гектар жер тырмалаудың орнына 60 гектар егісхк алаңды тырмалап, нормаларын біржарым еседен артық орындады. Ал, Бравлик жолдастың біркүнді еңбекақысы еңбек күннен басқа 61 сом 21 тыйын болды.

Өз жолдастарының еңбектегі табыстарын бригада мүшелері қызу құттықтады. Ал, бұл кезде Дмитрий Григорьевич ауыспалы қызыл жалауды Бравлик пен

тобысында бригада есепшісі, әрі үгітші Дмитрий Григорьевич Тонконоговтың үлесі аз емес. Ол өзінің жалынды үгітімен механизаторларды ерлік еңбекке жұмылдырып, олардың социалистік жарысын шебер ұйымдастыра білді.

Әсерлі үгіт — игі нәтиже бермек. Оны осы № 3 бригаданың еңбек көрсеткіштерінен айқын көруге болады. Сондықтан да бригада коллективі үнемі:

— Біздің Дмитрий Григорьевич адам жігерін еңбекке бастай біледі, — деп оны орынды мақтан етеді.

М. НУРҒОЖИН,

Т. КӘКІМОВ.

Полудень ауданы.

## Озаттардың тәжірибесін насихаттауды кеңінен ұйымдастыра береміз

Булаев ауданындағы Ұзынкөл совхозының механизаторлары көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы аяқтау жолында қажырлықпен еңбек етуде. Совхоздың алдыңғы қатарлы механизаторлары мен жұмысшылары еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс жағдайын жақсартып, тракторлардың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етуге бағытталған бағалы ұсыныстар енгізуде.

Жаңалық тапқыштар мен еңбек озаттарының бағалы ұсыныстарын дерезінде қолдау, оны өндіріске кеңінен енгізу арқылы жұмыстың ішкерілеуіне жетісу — совхоз партия ұйымының аса маңызды міндеті. Совхоз партия ұйымы бұл абройлы міндетті жүзеге асыру ісін көктемнің алғашқы күндерінен бастап-ақ қызу қолға алды.

Озаттардың ұсынысы партия ұйымы тарапынан қолдау тапқанда ғана табысты бола алады. Бұл үшін алдымен сәл жанашыр ұсынысты партия ұйымы жете тексеріп, оның дұрыстығына, өндірісте өзін ақтай алатынына көз жеткенде ғана өндіріске кеңінен енгізуді ұсынуы керек.

Совхоздың егіс даласындағы Емельян Гаар жолдас басқарған комсомол жастар агрегаты көктемгі дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап-ақ сменалық нормаларын үнемі асыра орындады. Норма бойынша себілуге тиісті 88 гектардың орнына 96 гектар егістікке бидай тұқымын септі. Ал, бұдан кейінгі күндерде агрегат өзінің сменалық нормасын 126 гектарға жеткізді. Сол сыяқты, Е. Тальков, Г. Пооп басқарған агрегаттар да сменалық нормаларын асыра орындап, тұқым себуге айтарлықтай табыстарға жетісті.

Біраз күн өткеннен кейін комсомол жастар агрегатының бригадирі Е. Гаар жолдас агрегатқа тағы бір сепалка тіркеп, 6 сепалкамен тұқым себуді ұсынды. Оның бұл ұсынысын басқа агрегат мүшелері де толық қуаттады. Партия ұйымы трактор бригадасындағы комсомол тобымен

бірлесе отырып, Гаардың осы ұсынысын тексере келгенде Гаардың тәжірибесі бойынша 6 сепалка агрегатпен бұрынғы агрегатқа қарағанда әрбір смена сайын 20-25 гектарға тұқымды артық себуге болатындығы анықталды.

Бұдан кейін партия ұйымы Гаардың бағалы бастамасын көпшілік игілігіне айналдыруға, басқа агрегаттардың да осы әдіс бойынша жұмыс істеуіне жетісу қамын қарастырды. Бұл ұсыныс бригадалардың өндіріс жыйналыстарында талқыланып, көптеген механизаторлар бағалы бастаманы бірауыздан мақұлдап өндіріске кеңінен енгізсе, уақытты үнемдеуге, әрі сменалық норманы асыра орындауға болатынын айтты.

Партия ұйымы қолдаған бұл шаралар айтарлықтай нәтиже берді. Бұл күндері совхоздағы 13 агрегаттан 10 агрегат Гаардың бастамасы бойынша жұмыс істеп, сменалық нормаларын үнемі асыра орындауға жетісіп жүр.

Партия ұйымы озаттардың тәжірибесін кеңінен насихаттау, бригадалағы саяси жұмысты жақсарту мақсатымен әрбір дала қостарында және трактор бригадаларында комсомол топтарын ұйымдастырды. Комсомол тобы жас механизаторлардың социалистік жарыста алған міндеттемелерін қалай орындап жүргенін бақылап, оған бескүндік сайын қорытынды шығарады.

Әрбір бригадада жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттері шығарылады. Онда «Біз социалистік міндеттемелерімізді қалай орындап жүрміз» деген рубрикамен үнемі озат механизаторлардың жұмыс көрсеткіші, тәжірибесі жазылып, басқа механизаторларға үлгі ретінде ұсынылып отырылады. Бригада жұмысындағы кемшіліктер, өз жұмысына немқетті қарайтын жекелеген адамдар қатты сынға алынады. Комсомол тобы бұл сынға уақытылы құлақ асып, оны жоюға бағытталған шаралар белгілеп отырады.

Ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін бүкіл совхоз коллективтері-

не таныстыру, сөйтіп, осы тәжірибелерді көпшілік игілігіне айналдыру мақсатымен партия ұйымы совхоз бюллетенін шығарып тұрады. Бұл бюллетень барлық бригадаларға және дала қостарына жіберіледі.

Жақында совхоздың сепалкашылары тағы да бір бағалы ұсыныс енгізді. Бұрын сепалкаларға бидай тиеу үшін көп уақыт кететін. Бұл уақыттың ішінде едәуір жанар май жұмсалатын, оның үстіне сменалық норманы орындауға әжептәуір кедергі келетін. Өйткені, сепалкашылар сепалкаға бидай тиеу жұмысына араласпай, бидай тиеліп болғанша сепалка маңындағы болмашы жұмыстармен айналысатын.

Көзір барлық сепалкашылар бидай тиеуге көмектесетін болды. Соның нәтижесінде әрбір сепалкаға тұқым тиеу үшін 8—10 минуттай ғана уақыт жұмсалды. Бұл бастама смена сайын біраз жанар, жанар майларын үнемдеуге, үнемделген уақыт ішінде 9—18 гектар жерге тұқым себуге мүмкіндік беріп келеді.

Алайда, ауылшаруашылық озаттарының бағалы бастамаларын өндіріске кеңінен енгізуде, оны бұқара игілігіне айналдыру жұмыстарында елеулі кемшіліктер де бар. Совхоздың кейбір бастауыш партия ұйымдары, бригададағы комсомол топтары озаттардың ұсыныстарына дерезінде құлақ аспайды. Оны басқаларға насихаттау ісіне де жеткілікті дәрежеде көңіл болмейді. Сөйтіп игілікті бастаманың өндіріске енгізілуіне көріне- көзге бөгесі жасайды.

Совхоз партия ұйымы өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзейді. Ауыл шаруашылығы озаттарының бағалы ұсыныстарын кезінде қолдап, оны өндіріске кеңінен енгізуге атсалысады. Сөйтіп, көктемгі дала жұмыстарын аз күн ішінде сапалы етіп аяқтауға жетіседі.

Н. ГРАЧЕВ,

Булаев ауданы, Ұзынкөл совхозы партия ұйымының секретары.

## Жаңа конструкциялы картоп комбайны

Ауылшаруашылық машиналарын жасаудың бүкілодақтық ғылыми зерттеу институтында ылғалды топырақта жұмыс істейтін жаңа жетілдірілген картоп жыйнайтын комбайн жасалды. Ол өзінің кек түрлерімен екі қатардың картобын қазды. Ескі конструкциялы комбайндардағы сыяқты оның түрлерін реттеу қолмен емес, арнаулы гидравликалық механизм арқылы жүргізіледі.

Жаңа комбайнда картоптың ірісі бір бөлек, ұсағы бір бөлек сұрыпталыды. Бұнымен қатар сұрыпталып тұр. Ол арқылы картоп механикалық жолмен автомашиналарға тиеледі. Агрегатта 3 адам істейді.

Комбайн күніне 4 гектардан аса картоп жыйнайды. Ол пайдалануға өте қолайлы. Ескі конструкциялы комбайндарға қарағанда, оны басқару жеңіл және қолайлы.

Таяу уақытта Рязанның ауылшаруашылық машиналарын жасау заводы осындай комбайндардың алғашқы тобын жасауға кіріседі.

(СОТА).

## Астың жыйнау басталды

СТАЛИНАБАД, 21 май. (СОТА). Жиі жауған жауындар мен үнемі ауысып тұрған ыстық күндер Тәжікстанның тау бөктеріндегі аудандарында егіннің жақын өсуіне игі әсер етті. Көзір күздік бидай пісіп келеді. Дәнді дақылдар дән құя бастады. Даған, Қийк ауданындағы Воронцов атындағы және Жданов атындағы колхоздың егіншілері бүгін күздік егісті жыйнауға кірісті. Алғашқы ондаған гектарлар жыйналып алынды.

## «ИВАН СУСАНИН» ОПЕРАСЫ БАШҚҰРТ ТЕАТРЫНДА

УФА, 21 май. (СОТА). Кеше Башқұрттың Мемлекеттік опера және балет театры М. Глинканың «Иван Сусанин» операсын көрсетті, операны қойған режиссер В. Серков. Опера музыкасы Башқұрт АССР-нің еңбек сіңірген қайраткері дирижер Г. Ержемскийдің басшылығымен орындалды. Художник — Башқұрт АССР-нің еңбек сіңірген қайраткері А. Арсланов.

Спектакль табысты өтті.

## 200 МЫҢ ГЕКТАР ТЫҢ ЖЕР КӨТЕРІЛДІ

ҚОСТАНАЙ, 21 май. (СОТА). Облыстың колхоз, совхоздары көктем егісіне тың жер көтерудің жоспарын орындады. 200 мың гектарға жуық жер жырталды. Қостанай, Таран, Затабол аудандары өз тапсырмасын біржарым еседен асыра орындады.

## МИНСКІДЕГІ БОГДАН ХМЕЛЬНИЦКИЙ КӨШЕСІ

МИНСК, 21 май. (СОТА). Украинаның Рессиямен қайта қосылуының 300 жылдығын атап өту мақсатымен Минскінің бір көшесі Богдан Хмельницкийдің атымен аталды.

да өскенде, жасап да беруге тура келеді.

—Сіз, — деді депоның механигі Липатов жолдас, — тым асығыс пішіммен Алексей Андреевичке, — қолыңдағы қымбатты ең асыл 5 маркалы сом болатты көрсетіп, — осыдан жону станогына қажетті супуртта бұрандасы мен қалыпшаларын жасап беріңіз. Бұл көзір өте қажет болып тұр.

—Жақсы, — деп жауап берді жайшылықта да сабырмен орнықты сөйлейтін тоқарь.

Тапсырманы өміссіз және уақытынан бұрын орындап беруге дағдыланған озат тоқарь ізінше жаңа жетальді өңдеуге кірісті. Станок жеңіл қозғалып тағы да іске қосылды. Тоқарь болатты патронға орна-

лдігін онан әрі арттыру жөніндегі патриоттық бастамасын қызу қолдап және теміржолшылардың бүкіл одақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуіне игілікті үлес қосуды көздеп, өзіне жаңа көтерілкі міндеттемелер алды. Бұл үшін ол жаңа өндіріс резервтері мен мүмкіншіліктерін ашып, өз станогінің қалтқысыз жұмыс істеуіне жетіседі. Сөйтіп, вагон жөндеу депосының таңдаулы тоқарь жылдық өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын және артығымен орындап, Октябрь революциясының 37 жылдығы мерекесіне лайықты еңбек тартуын әзірлеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойып отыр.

Р. УӘЛИЕВ.

## Жас паровозшылардың слеті

Бұрнағы күні қаладағы Ленин атындағы клубта Петропавл темір жол бөлімшесі өндіріс озаттарының слеті болып өтті. Оған 230 адам қатысты. Онда «Еңбек өнімділігін онан әрі арттыру күресіндегі жас теміржолшылардың міндеттері туралы» теміржол бөлімшесінің бас инженері Шербин жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген жас паровозшылар еңбек өнімділігін арттырудағы қол жеткен табыстарға тоқталды. Мұнымен бірге, жұмыстағы кемшіліктер қатты сындалды. Озат теміржолшылар өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салып, оны көпшілік игілігіне айналдыруды ұсынды.

Жарыссөзде Петропавл паровоз депосының аға машинисі Демидов, Макушино станциясының теміржол торабы комсомол комитетінің секретарі Горькин, Петухово станциясының электр қуатымен болат балқытушысы Махначев жолдастар және басқалары сөйледі. Олар өздерінің сөздерінде теміржол бөлімшесінің алдыңғы қатарлы паровозшылардың, өндіріс озаттарының іс-тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыруға, сөйтіп, материалды үнемдеп, өнімнің өзіндік құнын кемітуге

әді де болса жеткілікті көңіл бөлмей отыратанын сынады.

Бұдан кейін слетке қатысушыларға облыстық комсомол комитетінің Күрмес грамоталары, значоктер тапсырылды.

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары И. Нурпейісов жолдас ауыр салмақты поездардың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етіп, өндіріске бағалы ұсыныстар енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміткені үшін наградталған 21 адамға Күрмес грамоталарын тапсырды. Олардың ішінде алдыңғы қатарлы комсомолдар Демидов, Кузнецов және басқалары бар. Сол сыяқты, ВЛКЖО Қорған облыстық комитетінің Күрмет грамоталарымен 15 комсомол және жастар наградталды.

Петропавл теміржол бөлімшесі бастығының бұйрығы бойынша слетке қатысушыларға «Отличный паровозник», «Отличный связист», «Отличный движенец» және «Отличный путеец» значоктері тапсырылды.

Жас паровозшылардың слеті қатысушылардың зор белсенділігімен өтті. Слеттен кейін Ленин атындағы клубтың көркемөнерпаздарының күшімен концерт берілді.

## Егіс даласындағы сауда

Ивановка селолық тұтынушылар қоғамы (Совет ауданы) егіншілер мен механизаторлар арасында сауда жұмысын кеңінен өрістетуде. Сатушылар бригадаларға күн сайын өнеркәсіп және азық-түлік товарларын апарып сатып отырады.

Сатушы Болгова жолдас Сартомар МТС-нің трактор бригадаларында жиі болады. Ол соңғы күндердің ішінде «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының егіс даласында жұмыс істеп жүрген К. Ахметов, Н. Панов, Ш. Халықов жолдастар басқарған трактор бригадаларында болып, товарлар сатты. Болгова Халықов жолдас басқарған бригадаға барғанда бір күннің ішінде егіншілер мен механизаторларға 1200 сомның өнеркәсіп және азық-түлік товарларын сатты.

Қыялы жұмысшылар кооперациясы да егіншілер мен механизаторларды және малшыларды қамту үшін жылжымалы

сауда орындарын ұйымдастырды. Бұл егіншілер мен колхозшылардың өздеріне қажетті товарларын мезгілінде сатып алуына мүмкіндік беруде.

Сатушы Екатерина Вишкова жолдас егіншілер мен малшыларды саудамен үлгілі қамтып, товар айналымының жоспарын күн сайын 150 проценттен орындауға міндеттенді.

Совет аудандық тұтынушылар одағы егіншілер мен механизаторлар үшін бірнеше жылжымалы сауда орындарын ұйымдастырды. Бригадаларға товарлар апарып сату үшін арнаулы жүк машиналары бөлінді. Бұл машиналармен алыс жерлердегі егіншілер мен малшыларға товар жеткізіліп сатылады.

Ә. МҰХАМЕТОВ,

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Халықтардың достығы мен туысқандығының мейрамы

Даңқты тарихи оқиға — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы — біздің елімізде украин, орыс халықтарының және ССРО-ның барлық басқа халықтарының ұлттық зор мерекесі ретінде атап өткізілуде.

Орыс және украин халықтары — ерте замандағы тегі бір орыс жұртынан өрбіген бауырлас халықтар; көп ғасырға созылған бүкіл тарихының өн бойында олар тілі мен мәдениетінің жақындығымен, экономикалық және саяси мүдделерінің ортақшылығымен тығыз байланысты болып келді.

Ерте заманда Солтүстік-Шығыс Русьтен аралықпен бөліп әкетілген бостандық сүйгіш украин халқы шетелдік құлданушыларға қарсы — сұлтандық Түркияға, татар хандарына, поляк шляхтасына қарсы қаһармандықпен күресті. Сыртқы және ішкі құлданушыларға қарсы ұзақ уақыт, үздіксіз жүргізілген күресте ол туысқан орыс халқы тарапынан әрқашан да белсенді көмек алып, соған сүйеніп отырды. Аса көрнекті мемлекет қайраткері және көбасшы Богдан Хмельницкийдің басшылығымен жүргізілген 1648—1654 жылдардағы азаттық соғысы Переяслав Радесында Украинаның Россиямен қайта қосылуы жариялаған тарихи актымен аяқталды.

Патшх үкметінің реакцияшыл саясатына қарамастан, туысқан екі халықтың қайта қосылуы олардың саяси, экономика және мәдени жағынан бұдан былайғы дамуы үшін орасан зор прогрестік маңызы болды.

Өз күштерін біріктіріп, бұл екі халық орыс мемлекетінің тұтастығына және дербестігіне қол сұққан жауларға қарсы бірлесіп шайқасты. Швеция мен Түркия басқыншыларына қарсы соғыстарда, Наполеондық армияларға қарсы 1812 жылғы Отан соғысында, еліміздің ұлы орыс халқы бастаған халықтары, соның ішінде украин халқы да агрессорларды талқандап, Отанымыздың тәуелсіздігін қорғап қалды.

Туысқан екі ұлы халықтың мызғымас берік достығы олардың крепостниктер мен буржуазияға қарсы, Отанымыздың барлық еңбекшілерінің қас жауы — патша самодержависіне қарсы бірлесіп жүргізген күресінде нығайтып, шынықты.

Орыс, украин халықтарының және Россияның барлық басқа халықтарының, ілгері дамуы үшін дүние жүзіндегі ең революцияшыл Россия пролетариаты мен оның жауынгерлік авангарды — Коммунистік партияның тарихи аренаға келудің шешуші маңызы болды. Орыс пролетариаты әлеуметтік және ұлттық езудің азат ету жолындағы күреске еліміздің барлық ұлттары мен еңбекшілерінің сенімді басшы болды.

Украинаның жұмысын табыс Россия пролетариатының ең ірі және жауынгерлік отрядтарының бірі болды. Коммунистік партия бастаған Украинаның пролетариаты партияның данышпан ұйымдас-

Совет Одағының барлық республикаларының, ең алдымен, Россия Федерациясының туысқандық көмегіне сүйене отырып, украин халқы республиканың соғыста бүлінген халық шаруашылығын жедел және толығымен қалпына келтірді, халық шаруашылығының көптеген салалары соғысқа дейінгі дәрежеден асып түсті.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының ұлы мерекесін СССР еңбекшілері өзінің творчестволық күштері көркейіп, кемеліне келген жағдайда, орасан зор саяси және өңбек өрлеуі жағдайында қарсы алып отыр.

Совет өкметі жылдарында құрылған, социалистік халық шаруашылығының негіздерінің негізі — жоғары өркендеген ауыр индустрия украин халқының мақтанышы болып табылады. Көзіргі уақытта Украин ССР-і көмірді Франция, Бельгия, Италия үшеуінен артық шығарады, шойынды Франция мен Италиядан артық қорытады, машина жасау өнеркәсібі өнімінің көлемі жөнінде Европада бірінші орындардың біріне ие болып отыр.

1953 жылы Украинаның көмір және металлургия өнеркәсібінің өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 4—6 есе, металл өңдеу өнеркәсібінің өнімі — бірнеше ондаған есе, электр қуатын өндіру — 40 есе артты.

Донбаста, Днепр бойында, Кривой-Рогте — көмір, кен-руда және металлургия өнеркәсібі аудандарында — социалистік қалалар орнап, алдыңғы қатарлы Советтік техникамен жабдықталған алып заводтар, рудниктер мен шахталар салынды. Кеншілер мен металлургия өнеркәсібінің еңбек жағдайы танымастай болып өзгерді. Өндіріс процестерінің үнемі механикаландырылуы және автоматтандырылуы олардың еңбегін жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттырып келеді.

Республиканың машина жасау өнеркәсібі жедел қарқынмен өрлеу бағуда. Революцияға дейінгі Украинада жоғары өркендеген машина жасау өнеркәсібі жоқ болатын. Ал, көзіргі уақытта СССР-де алуан түрлі машиналар, станоктар мен аспаптар жасалуда.

Украинаның өнеркәсібін құру және өркендету ісіне орыс жұмысшылары мен мамандары аз үлес қосқан жоқ. Өткен ғасырдың өзінде Украинаның рудниктерінде, шахталары мен заводтарында мамандығы мол көптеген орыс жұмысшылары, инженерлер мен техниктері жұмыс істеген болатын. Ал, сонымен бірге, көп мыңдаған украин жұмысшылары мен инженерлері Россияның өнеркәсіп орталықтары,

★  
И. СЕНИН,  
УССР Министрлер Советі Председателінің  
бірінші орынбасары  
★

10 миллион метрден аса жоғары сапалы жүн матасын тоқып шығарады.

Украинада жібек маталарын тоқу таяудағы жылдарда, 1953 жылмен салыстырғанда, 3 есе дерлік артып, 1956 жылы 22 миллион метрге жетеді.

Дайын өнімдер тігуді арттыру үшін СССР-де жаңадан 30 тігін фабрикасы, соның ішінде Ворошиловградта, Николаевта, Кировоградта, Дрогобычте, Сумыда, Артемовскіде, Переяслав — Хмельницкийде жаңа фабрикалар салынууда, сонымен қатар, көзіргі уақытта жұмыс істейтін ондаған кәсіпорындар қайта құрылып, ұлғайтылуда. 60-тан аса былғары аяқ киім кәсіпорындары салынууда және қайта құрылууда, мұның өзі СССР-де аяқ киім шығаруды 1956 жылы 61 миллион жүн, қа дейін арттыруды қамтамасыз етеді. Быйылғы жылы Украинада ет өнеркәсібінің 10 кәсіпорны, ондаған май және сыр қайнататын заводтар, 53 нан заводы мен ірі механикаландырылған пекарнялар, механикаландырылған 45 дирмеч, 11 сыра заводы, жүзім шарабының 2 заводы және тамақ өнеркәсібінің басқа да көптеген кәсіпорындары салынууда.

Республиканың жергілікті өнеркәсібі және кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары мебель, ыдыс, галантерея бұйымдарын, керогаз, ойыншықтар, балалар велосипедін, спорт жабдықтарын және халық тұтынатын басқа да көптеген товарлар шығаруды едәуір арттыруда. Тозақ сорғыш, кір жуатын машиналар, тоңазытқыштар, қолайлы тігін машиналары, радиоқабылдағыштар, телевизорлар, пластинка ойнататын электр жабдықтары сияқты үй тұрмысында қолданылатын заттар өндіру ісі иперілуде.

Орасан көп товарларды тұтынушыларға неғұрлым тез жеткізу, халыққа қызмет ету ісін үнемі жақсарту үшін сауда жүйесі едәуір ұлғайтылуда. Үстіміздегі жылы республиканың қалалары мен селоларында 1826 жаңа магазин салынып, іске қосылды, соның ішінде 1426 магазин селолық жерлерде салынады.

Советтік Украина жоғары өркендеген ауыл шаруашылығы бар республика, еліміздің ең ірі астықты өлкесінің бірі болып табылады. СССР колхоздары мен совхоздары астықты қант қызылшасын және басқа техникалық дақылдарды Украинаның революцияға дейінгі ауыл шаруашылығының өндіргенінен анағұрлым көп өндіріп келеді. Аса маңызды азық-түлік дақыл — бидай мемлекетке 1953 жылы соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан 134 миллион пұт артық тапсырды. Украина елімізде өсірілетін қант қызылшасының барлық көлемінің 70 процентін өндіретін қантөпшен жалғыз мәдениеті

ры Украинадан туысқан Қазақ ССР-іне және Алтайға жүріп кетті. Міне, мұның өзі де біздің ұлы Отанымыздың халықтарының туысқандық достығының айқын белгісі болды.

Украин халқы көп ғасырларға созылған өз тарихының өн бойында өз мәдениетін дамытып келді. Бұл мәдениет Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін анағұрлым өсіп, көркейді.

Прогрестік Украина мәдениетін өркендетуге ұлы орыс халқының мәдениеті әрқашан да орасан зор ықпал жасап келді. Алдыңғы қатарлы украин ғалымдары, жазушылары, суретшілері, композиторлары орыс мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлерінің творчествосын жоғары бағалап, олармен идеялық жағынан ғана емес, тіпті жеке бастарының достық қатынастарымен де тығыз байланысты болды.

Украин халқының даңқты ұлы Тарас Шевченко орыстың ұлы революцияшыл-демократтары Чернышевскиймен, Добролюбовпен, сондай-ақ Брюлловпен, Шенкинмен және орыс мәдениетінің басқа да тамаша өкілдерімен тығыз достықпен байланыс жасады. Марко Волчактың, Натас Мирныйдың, Люся Украинаның, Коцюбинский, Грабовский творчествосы орыс әдебиеті классиктерінің игілікті ықпалымен дамып, өркендеді. Украинаның буржуазиясының ұлтшылдарына тойтарыс бере отырып, украинның аса көрнекті демократ-жазушысы Иван Франко былай деп жазған болатын: «Біз ұлы орыс халқының сүйеміз және оның барына игілікке жете беруін тілейміз, біз оның тілін сүйеміз және үйренудеміз... Біз өзіміздің орыс халқының таңдаулы ұлдарымен бірлескі екенімізді сезініп отырмыз».

Талантты украин композиторы Гулак-Артемовский Глинканың шәкірті болды. Лысенконың тамаша музыкалық дарындылығын дамытуға Чайковскийдің және «Қуатты топтағы» композиторлар — Римский-Корсаковтың, Мусоргскийдің, Бородиннің творчествосы зор әсерін тигізді. Өздерінің творчестволық жаңалықтарымен орыс ғылымы және дүниежүзілік ғылымды байытқан аса көрнекті украин ғалымдары Остроградский, Потебня, Гамалея, Натан және басқа көптеген ғалымдар өздерінің ғылыми творчествосын орыстың ғылыми мектептері арқасында дамытты.

Украин ғылымы, әдебиеті мен искусствосы социалистік құрылыс жағдайында ғана мейлінше еркін және шексіз дамуға мүмкіндік алды.

Советтік Украинада, барлық туысқан республикаларындағы сияқты, мәдениет тарихы барлық бүкіл халықтың игілігі болып табылады. СССР-дің 30 мың мектебінде алтыжарым миллионнан аса бала оқыйды. Украинаның 144 жоғары оқу орнын-



Жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозының № 5 трактор бригадасында. Мұнда тракторшылар мен тіркеушілер өздерінің бос уақыттарын газеттер мен журналдар оқуға, түрлі спорт ойындарымен шұғылдануға жұмсайды.

СУРЕТТЕ: бригаданың аспазшысы комсомол мүшесі Тамара Виноградова түскі үзіліс кезінде бригада мүшелеріне газет оқып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мәдени-үгіт бригадасы колхоздарда

Көктемгі егіс күндерінде Мамлют аудандық мәдениет үйі жанынан 18 адамнан ұйымдастырылған үгіт бригадасы дала қостары мен трактор бригадаларында және колхозды деревняларда болып, ауыл-село еңбекшілерін концерттермен, лекциялармен қамтуда.

Жақында бригада Вильямс атындағы, Интернационал МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда болды. Егіншілер мен механизаторлар көркемөнерпаздардың орындауындағы совет композиторларының әндері мен жырларын зор ынтамен тыңдап, оларға шын жүректен алғыс айтты.

Көркемөнер үйірмесінің мүшелері Н. Дмитриева, М. Ксенофонтова, В. Размов және В. Власов жолдастар «Ән шықпайық, кел достар» әнін, «Біздің колхоз көңілді» деген тақырыптағы әдеби музыкалық монтажды, «Иван Сусанин» операсынан алынған арияларды әсерлі етіп орындап, өздерінің шеберліктерін көрсетті.

Бригаданың құрамында партия, совет, комсомол қызметкерлері және әртүрлі мамандықтың өкілдері бар. ҚЛЖО аудандық комитетінің секретары А. Завгородняя, В. Коннов жолдастар бригаданың белсенді мүшелері.

Мәдени-үгіт бригадасы қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар және сәулемді газеттер шығаруға көмектесуде. Бұл үшін олар алдымен жергілікті партия, совет ұйымдарымен, колхоз басқармасымен байланыс жасап, олар арқылы жұмыстың барысымен толық танысып отырады. Онда ауылшаруашылық озаттарының жұмыс тәжірибелері басқаларға үлгі ретінде ұсынылып, өз жұмысына нәтижелі қарайтын кейбір колхозшылар қатты сынға алынады.

тапханасының меңгерушісі Н. Тряпкина жолдас басқарады.

Үгіт пункті трактор бригадалары мен дала қостарында жиі болып, олардың кітапханаларындағы кітаптарды жаналайды. Ал, үгіт пунктінің лекторлары ауылшаруашылығы жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар оқыйды.

Ауданның МТС-тері мен көптеген колхоздарында да мәдени-үгіт бригадалары құрылды. Олар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары алға қойған міндеттерді — елімізде астық молшылығын жасап, жиі өнеркәсіпті шығарып қамтамасыз ету күресіне егіншілер мен механизаторларды кеңінен жұмылдыруда.

Алайда, аудан еңбекшілері мәдениетті қамту жұмыстарында кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір жерлерде селолық Советтердің атқомдері колхозшы шаруаларды мәдениетті қамту мәселесіне жете көңіл бөлмей, оны екінші кезекке қалдырады. Мәселен, Сумский селолық Советінің председателі Егонина, Коваль селолық Советінің председателі Никитин жолдастар колхозшыларды мәдениетті қамту мәселесіне жете мән бермейді. Жоғарыда аталған Сумский, Коваль селолық Советтерінің жанындағы оқу үйлері үгіт-бұқаралық жұмысқа араласпай, егіншілерді мәдениетті қамту жөнінде ештеңе істемей отыр. Ал, оқу үйі қызметкерлерінің дала қостары мен трактор бригадаларында болып, егіншілер мен механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысына араласпауына Егонина мен Никитин жолдастар тіпті қынжылар емес.

тырушысы және көсемі Владимир Ильич Ленин жасап берген ұлт саясатының принциптерінен айнымай, орыс пролетарларымен бірге ұлы державалық шовинизмге қарсы, сондай-ақ, буржуазияшыл украин ұлтшылдығына да қарсы мейрімсіз күрес жүргізді.

1917 жылы Россияның жұмыспен таусылған еңбекші шаруалармен одақтасып, Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасады, помещиктер мен капиталистердің өкілетін құлалтып, жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетін орнатты.

Украин халқы орыс халқының соңынан бірінші болып еріп, социалистік революцияның жолына түскенін мақтан етеді. 1917 жылғы 25 декабрьде Советтердің Бүкілукраиндық съезі Украин Советтік Социалистік Республикасын жариялады.

Азамат соғысы мен шетелдік соғыс интервенциясының ауыр жылдарында туысқан орыс халқы украин халқына баға жетпес көмек көрсетті. Украин халқының және еліміздің басқа халықтарының бостандығы мен бақыты үшін Советтік Россияның көп мыңдаған жұмысшылары мен шаруалары Украинада жауга қарсы шайқасты.

Орыс және украин халықтарының ырысқа және ішкі жауларға қарсы бірлесіп жүргізілген күресінің тарихи маңызын бағалай кезіп, В. И. Ленин Украинаның жұмысшылары мен шаруаларына жазғач қағазында былай деп көрсеткен болатын: «Ұзақ және ауыр күресте біз, ұлы орыс және украин жұмысшылары, мейлінше тығыз одақтасып алға басуға тиісіз, өйткені, біз жеке дара болғанда, сірә жеңе алмаймыз» (Шығармалар, 30-том, 272-бет). Дәл осы тығыз одақ азамат соғысының көптеген майдандарында сондай-ақ бейбіт құрылыс майданында совет халықтарының жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

ССРО-да Советтік социалистік құрылыстың жеңуі, барлық туысқан республикалар сыяқты, Советтік Украинаның адында мемлекетті, экономика мен мәдениетті дамытудың бұрын болып көрмеген мүмкіндіктерін ашып берді.

Орыс және украин халықтарының, ССРО-ның барлық халықтарының мызғалас достығы соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында социалистік құрылыстың аса зор жоспарларын орындауды қамтамасыз етіп, герман фашизмі мен жапон империализміне қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысында совет халқы бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткізді.

Совет Одағының халықтары жеткен жеңістердің нәтижесінде, Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асыру нәтижесінде украин халқы өзінің ұлттық қалыптасуын жүзеге асырып, бүкіл украин жерін біртұтас Украин Советтік Социалистік мемлекетіне қайта қосты. Ұлы Совет Одағының біртұтас құранды бөлегі болып табылатын, 40 миллионнан аса халқы бар Советтік Украина кезіргі уақытта Европаның ең ірі мемлекеттерінің бірі болып табылады.

теді. Мұның өзі туысқан халықтарды бұрынғыдан да гөрі тығыз жақындастыруға көмектесті. Орыс және украин еңбекшілерінің өзара өндірістік көмегі социалистік құрылыс жылдарында зор көлемде өрістетілді.

Украин Советтік Социалистік Республикасының кәсіпорындары РСФСР-де және еліміздің басқа туысқан республикаларында даярланған жас мамандардың есебінен жылма-жыл толықтырылып келеді; ал, оның бер жағында Украин ССР мен Совет Одағының барлық республикаларына маман кадрлар жіберілуде.

Украина мен басқа туысқан республикалардың жұмысшылары арасындағы достық байланыстар, сонымен қатар, УССР өнеркәсібінің барлық салаларындағы өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибесімен ауысу мақсатымен Москваға, Ленинградқа, Уралға, Кузбасқа, Бакуға, Минскіге, Ригаға және еліміздің басқа да оңдаған өнеркәсіп орталықтарына үнемі болып тұруы арқасында да ұлғайып, нығайып келеді. Сонымен бірге Киевтің, Харьковтың, Днепрпетровскінің, Сталиноның, Краматорскінің, Одессаның, Львовтың және Украинаның басқа қалаларының кәсіпорындарына басқа республикалардың заводтары мен фабрикаларынан жыл сайын делегациялар келіп, озат тәжірибені тарату, өндіріске енгізу ісіне және социалистік өндірістің техникалық жағынан онан әрі ілгері басуына көмектесуде.

Советтік Украинаның еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының тарихи қарарларын орындай отырып, халық тұтынытын төрелер өндіруді арттыру жөнінде зор жұмыстарды өрістетті. 1953 жылы УССР өнеркәсібі 35 миллион жүп аяқкиімді, 70 миллион данаға жуық трикотаж бұйымдарын, 1010 миллион жұптан аса шұлық бұйымдарын жоспардан артық шығарды. Мал майын өндіру 85 мың тоннаға, өсімдік майы — 250 мың тоннаға, кондитер тағамдары — 300 мың тоннаға, қант — 2,6 миллион тоннаға жетті. Таяудағы жылдардың ішінде республикада негізгі өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндіру мықтан артады. Бұл үшін Украинада мақта маталарын тоқу орталығы — Херсонда, трикотаж пологнасы мен жібін өндіру орталығы — Полтавада, жүн маталарын өндіру орталығы — Черниговта және жібек маталарын өндіру орталығы — Киевта болатын қуатты тоқыма өнеркәсібі құрылды. Мұнымен бірге, Черновицда, Харьковте, Сумыда, Одессада және басқа қалаларда тоқыма кәсіпорындары онан әрі ұлғайтылуда. Херсон мақта-мата комбинатының өзі ғана, 1956 жылдан бастап, жылына 100 миллион метрден аса мата тоқыйтын болады. Мұның өзі республиканың барлық кәсіпорындары 1953 жылы шығарған барлық өнімнен 2,5 есе асып түседі. Бұл комбинаттың бірінші кезегі үстіміздегі жылдың өзінде іске қосылды. Чернигов камволь комбинаты бастон, габардин, драп-велюр сыяқты және басқа маталардан жыл сайын

20 проценттен астамын және жалаң одақта дайындалатын овоштың 45 процентіне дейінгі береді.

Республиканың колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері ауыл шаруашылығын таяудағы 2—3 жылдың ішінде шұғыл өркендетуді қамтамасыз ету жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндетті орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Олар быылғы жылдың өзінде дәнді дақылдардың шығымдылығын мықтап арттыруды көзде отыр. Жүгері сыяқты бағалы дәнді дақылдың егіс көлемі 900 мың гектар ұлғайтылады. Арпа, сұлы, тары, қара құмық, бұршақты дақылдар егісі едәуір ұлғайтылуда. Мұның өзі республиканың оңтүстігінде бұрын шығымдылығы аз көпжылдық шөптер егіліп келген егістік жерді пайдалану есебінен ұлғайтылуда. Техникалық дақылдардың: қант қызылшасының, зығырдың, конопляның, күнбағыстың, сонымен қатар, жемшөптік дақылдардың, картоп пен овоштың шығымдылығын арттыру шаралары жүзеге асырылуда.

1953 жылы, 1941 жылмен салыстырғанда, сыйыр малының саны 2,2 миллион, шошқа — 5,3 миллион, қой мен ешкі — 4,1 миллион көбейді. Таяудағы жылдарда СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарларын жүзеге асыру нәтижесінде 1956 жылы ет пен сүт өндіру 1953 жылмен салыстырғанда 1,5—2 есе, жүн — 1,5 есе арттырылады.

Коммунистік партия, Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығын кезіргі заманғы қуатты техникамен жабдықтауға орасан зор қажырлық жасап келеді. Кәзіргі уақытта Украинаның егіс даласында 182 мың гектар (15 аттың күшімен есептегенде), 51 мың астық комбайны және ондаған мың алуан түрлі ауылшаруашылық машиналары мен құралдары жұмыс істеуде. УССР-дің ауылшаруашылық өндірісінде шешуші роль атқарып отырған машина-трактор станциялары барлық ауылшаруашылық жұмыстарының 80 проценттен астамын, ал, республиканың оңтүстігінде — 90—95 процентін орындай отыр.

Украинаның машина-трактор станцияларының құрылысына 1954 жылы 1953 жылдан қаржы 7,3 есе артық берілуде. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларына сәйкес УССР МТС-тері мен колхоздарына ауыл шаруашылығының 30 мыңнан аса механизаторлары мен мамандары жіберілуде.

Кәзіргі уақытта республиканың колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында 1954 жылдың тапсырмаларын орындау және асыра орындау үшін социалистік жарыс кең өрістетілуде. Ауыл шаруашылығының барлық салаларын таяудағы 2—3 жылдың ішінде шұғыл өркендету міндетін Украина еңбекшілерінің аябымен орындап шығатынында күмән жоқ.

Коммунистік партияның тың жерлерді игеретін аудандарға көмектесуге шақырған үндеуіне Украинаның жастары кеңінен үн қосты.

Ауыл шаруашылығының 23 мыңнан аса механизаторлары мен басқа маманда-

мұның өзі Европаның капиталистік елінің қандайынан болса да анағұрлым көп. УССР техникумдарында және басқа арнаулы орта оқу орындарында оқушылардың саны 234 мыңға жуық адам болып отыр.

Украинада Ғылым академиясы, Архитектура академиясы құрылды, 490 түрлі ғылыми зерттеу мекемелері бар, бұлардың жұмысы еліміздің басқа республикаларының ғылыми мекемелерінің жұмысымен тығыз байланысты.

1953 жылы Украин ССР-інде 85 миллион дана кітап басылды, украин газеттерінің күн сайынғы тиражы 5 миллион данадан асып түсті. УССР облыстарында 100 мыңға жуық көркемөнерпаздар коллективтері жұмыс істеп, бұларға миллионнан аса адам қатысуда.

Түрі ұлттық, мазмұны социалистік украин мәдениеті ұлы орыс халқының мәдениетімен және еліміздің барлық туысқан халықтарының мәдениетімен тығыз байланыс жасап, өзара көмектесе отырып, өркендеп келеді. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеу күндерінде көрнекті орыс жазушылары мен ақындарының, Үлкен Көркем және Кіші театрлар коллективтері мен хор ансамбльдерінің УССР-ге келуі, сондай-ақ, украин әдебиетшілері мен театр коллективтерінің РСФСР-ге барған сапары халықтар достығын онан әрі нығайту ісіне, олардың мәдениетін бұрынғыдан анағұрлым көркейтуге көмектесетін болады.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының бүкілхалықтық мерекесінің Украина мен басқа туысқан республикалардың еңбекшілері арасында социалистік жарыс кең өрістетілді. Донбасс пен Кузбастың көміршілері, Борислав пен Бакудың мұнайшылары, Днепр бойы мен Уралдың металлургтері, Харьков пен Ленинградтың машина жасаушылары, Черновцы мен Москваның тоқымашылары өндірістік жоспарларды орындау және асыра орындау үшін, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту үшін жарысуда.

Өзара жарысқа түскен Киев облысындағы Переяслав-Хмельницкий ауданы мен Москва облысындағы Можайск ауданының колхоздары, Запорожье мен Москва маңындағы, Львов облысы мен Алтай өлкесіндегі, Ворошиловград және Воронеж облыстарындағы колхоздар және УССР мен туысқан республикалардың басқа да көптеген колхоздары, МТС-тері мен совхоздары тығыз достықпен байланыс жасап отыр.

Коммунизм жолындағы бірлескен күресте Советтік қоғамның қуатты қозғаушы күші, сүйікті Отанымыздың жеңімпаздығы мен даңқының қайнар бұлағы — ССРО халықтарының мызғалас ұлы достығы нығайтып келеді. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірігіне топтасқан украин халқы ұлы орыс халқымен бірге және еліміздің барлық халықтарымен бірге коммунизмге жету жолында сеніммен алға басуда.

тия комитетімен келісе отырып, мәдениет үйінің жанынан құрылған жылжымалы үгіт пунктіннің үзбей жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Үгіт пунктін аудандық партия комитетінің штаттарына насихатшысы Ш. Уәлиев жолдас басқарады. Үгіт пунктін арнаулы жабдықталған жүк машинасына орналастырылған. Мұнда кітапхана бар. Оны аудандық балалар кі-

іс үстінде түзейміз. Сөйтіп, аудан еңбекшілерін мәдениетті қамту жұмысын жақсартып, олардың көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзім ішінде, сапалы етіп аяқтап шығуына көмектесеміз.

**Т. ЖОЛЫМБЕТОВ,**  
Мамлот аудандық мәдениет үйінің директоры.

## Ленин атындағы колхозда

### Құрылыс жұмыстары

Колхоздың экономикалық шаруашылығы жылдан-жылға нығайып, колхозшылардың әл-ауқат және мәдени дәрежесі жақсара түсуде.

Соның негізінде соңғы жылдары мұнда бірнеше стандартты мал қоралары салынып, радио торабы орнатылды және колхозшылар үшін көптеген тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Кәзіргі өзінде колхоз орталығында жеті жылдық мектеп, оқу үйі, дәрігер пунктін, май заводы, клуб бар.

Үстіміздегі жылы құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізіледі. Жоспар бойынша колхозда екі мал қорасы салынады және

5 мың центнерлік астық қоймасы, бір механикаландырылған астық қырманы, май пайқағыш салынып, пайдалануға беріледі. Бұлардың кұрделі жұмыстарына 700 мың сомнан астам қаржы босатылады.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін быыл колхозда жаңадан екі құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Оларды Булагин және Айбаров жолдастар басқарады. Бригада мүшелері өзара социалистік жарысқа түсіп, құрылыс жұмыстарын ұлы Октябрь мерекесіне дейін бітіруге міндеттеніп, оны орындау күресінде қажырлы еңбек етуде.

### Огород бригадасында

Быйыл колхозда картоп пен овош дақылдарының көлемі өткен жылғыға қарағанда екі есеге дейін ұлғайтылып, 13,5 гектарға жеткізіледі.

Бұл міндетті жүзеге асыру мақсатымен колхоз басқармасы арнаулы огород бригадасын ұйымдастырып, оны басқаруға Трель жолдас тағайындады. Бригадада 15 адам жұмыс істеп жүр. Барлық огород дақылдары шаршы-ұялы әдіспен отырғызылады.

Кәзір бригаданың коллективі егісті ойдағыдай сапалы өткізіп, қапустаңың әрбір гектарынан 140 центнерден, картоптың әрбір гектарынан 120 центнерден өнім алу үшін күресеуде.

Бұл күндері бригада мүшелері картопты және овоштарды шаршы-ұялы отырғызу жұмысына кірісіп, оны үлгілі жүргізуде.

**Ә. ҚАСКЕЕВ,**  
Совет ауданы.

## КОЛХОЗГА КӨМЕК

Қаладағы колхоз кадрларын даярлайтын облысаралық орта мектепте оқытып отырған 60 адам жуырда оқытушы М. Шулин жолдасының басшылығымен Петропавл ауданының Жамбыл атындағы колхозына барып, колхозға зор көмек көрсетті. Олар 45 гектар жерге картопты қолмен шаршы ұялап отырғызды.

Мектеп коллективі бұл колхозға үнемі іс жүзінде қолма-қол көмек көрсетіп келеді. Көктемгі дала жұмыстары басталға-

лы мектептің тыңдаушылары колхозға газет витринасын, көрсеткіш тақталарын жасап берді.

Мектеп кітапханасында 15 мыңнан астам түрлі саяси, шаруашылық, техника жөніндегі және көркем әдебиет кітаптар болатын. Мектеп коллективі бұдан Жамбыл атындағы колхоздың кітапханасына 200-ден астам кітап бөліп берді.

**Ж. ДҮЙСЕНОВ.**

### Жарияланбаған хаттың дерегі

#### „Сөзі көп, ісі жоқ“

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Совет ауданындағы бірқатар оқу үйлері мен кітапханалардың жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетіліп, аудандық мәдениет бөлімінің ауыл-селоға дағды мөдениет ағарту мекемелерінің жұмысына жанды басшылық жасап, көмек көрсетіп отырмайтындығы жөнінде айтылған еді.

Совет аудандық Совет атқомі редакцияға тілші хаты бойынша тексеріс

жүргізгенде, онда көрсетілген фактілер толық анықталғандығын, ауылдық Советтердің сессияларында бұл жөнінде мәселелер қаралып, оқу үйлерінің жұмысын жақсарту шаралары белгіленгендігін хабарлады.

Аудандық Совет атқомі өзінің мәжілісінде де бұл жөнінде мәселе қарап, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Губарев жолдасқа қатаң ескерткен.

# СЕЛОЛЫҚ ДӘРІГЕР

Петропавл аэродромынан көтерілген ПО—2 санитарлық самолёгі оңтүстікке қарай бет алды. Самолет терезесінен көрінген Есілдің екі жағалауын жарыса өскен қалың тоғайлар мен күн көзімен шағылыса көз тартқан өзен суының биіктен қарағандағы көркем көрінісі самолёте отырғандарға өздерінің барар жеріне қалай тез жетіп қалғанын аңғартқан да жоқ. Самолёте отырған ұзын бойлы сұлу кескінді жас қызға үшкіш «әне» дегендей белгімен төмендегі үйді көрсетті. Оның бұл айтқанын «толық ұғындым» деген кейіппен, қыз да басын иізіп, әлгі үйден үйге үңіле қарады.

Бұл келе жатқан жас қыз Астрахань қаласындағы алтыжылдық медицина институтын бітірген жас дәрігер Тамара Васильевна Никольская еді.

Дәрігер Тамара Васильевна чемоданын қолына алды да жайымен ғана аурухана үйіндегі ординаторлық бөлмеге келді.

Тамара Васильевна Никольская институтта оқып жүрген кезіндегі арманы оперативтік хирургия саласында қызмет істеу болатын. Бірақ Петропавлдан аттанарда оған Марьевка ауруханасында хирургия бөлімі бар болғанмен, онда ең болмаса амбулаториялық түрдегі операциялардың да жасалмайтындығын айтқан еді. Расында да солай болып шықты. Керек десе, бұл бөлімде жеңіл-желпі операция жасаудың өзіне мүмкіншілік жоқ екен. Ең алдымен, операция үшін ең қажетті нәрсе — операциялық стол және стерилизация үшін биксе жоқ. Ал, химиялық лабораторияның мүлде жоқтығы және хирургиялық аспаптар мен материалдардың жеткіліксіздігі жас дәрігердің талабына қарсы қойылған кедергідей сезілді.

Қыйыншылықты жеңу — жас дәрігердің мақсаты болатын. Сондықтан да ол қолда бар мүмкіншілікті толық пайдалануға кірісті. Сөйтіп, ол хирургия бөлімін және келтіруді қызу қолға алды. Бөлім ішіндегі дәрілер ісін үйді ағартуға жұмсалған купорос пен бояулардың ісі жеңді. Операция столы мен аурулар жататын палаталарда қажетті мебельдер де пайда бола бастады. Бірақ, хирургиялық аспаптарды және қажетті медикаменттерді жергілікті жерден табуға болмайтын еді. Осы себептен ол Петропавлға, облыстық денсаулық сақтау бөліміне барып, көмек сұрауды ұйғарды.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Сағымбет Ағжановты ол бұдан бұрын бірнеше рет көрген болатын. Бұл жолы жас дәрігер оның алдына Марьевка ауруханасы үшін қажетті материалдардың, аспаптардың және жабдықтардың тізімі жазылған қағазды ұсынды. Бұл заттардың өте қажеттілігіне Ағжановтың көзін жеткізу үшін Тамара Васильевна өзінің айтар сөздері мен себептерін де жол бойы дайындап келген болатын. Бірақ, бұл дайындық қажетсіз болып шықты. Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Никольская ұсынған тізімдерді оқып шығып, мүмкіншілігінше жас

дәрігердің тілегін қанағаттандыратынын айтты.

Бұдан кейін көп кешікпей «ақ Марьевка ауруханасына самолёт және машина арқылы «Байқап түсіріңіз. Ашылмасын» деген ескертпе жазулары бар жәшіктер, материалдар буылған түктер мен бумалар, үлкен пакеттер көштеп келе бастады. Ал, ауруханада бұл заттардың барлығы ашылып, реттеліп, жуылып, бөлмелер мен палаталарға тарап жатты.

Бұған дейін Тамара Васильевна Марьевка ауруханасы облыс орталығынан өте қашық тұратын, шалғай жатқан мекендегі көрінетін. Ол өзінің бұл ойын аудандық партия комитетінің секретарына да айтқан еді. Секретарь оның бұл пікірінің дұрыс еместігі азда, іс жүзінде дәлелденетіндігін ескерткен — ді. Енді, міне, күн сабын түсіп-жатқан аспаптар мен жабдықтар, аурухананың көмекші шаруашылығын нығайту үшін бөлініп берілген күш-көліктер мен сапмандар, бұлардың бәрі оның «шет аймақтағы аурухана» туралы пікірін теріске шығарды.

Кәзір Марьевка ауруханасы өзінің жабдықталуы жағынан қалалық аурухананың дәрежесінен көп кем де емес. Ауруханада жаңадан қан күй кабинеті ашылды. Жаңа лаборатория ұйымдастырылып, түрлі қымбатты приборлар жаңа автоклав сатып алынды. Аурулар жататын барлық палаталар әдемі жасалған никельді кроваттармен, төсек-орындармен қамтамасыз етілді. Ендігі мәселе — емдеу ісін аурухананың жабдықталу дәрежесіне сай жүргіздеу ғана қалған болатын.

Алғашқыда жеңіл-желпі ауруларға жасалына бастаған операциялар кейіннен күрделі ауруларға да қолданыла бастады. Кәзір жас дәрігер Тамараның жасаған операцияларының жалпы саны 350-ден асып кетті. Бұл операциялардың ішінде тек қана тәжірибелі, маман, білімді дәрігерлердің қолынан келетін күрделі операциялар да бар.

Тамара Васильевна Никольская дәрігер болып келгеннен бергі өзгерістер Марьевка ауруханасының бұрынғы көрінісін және онда істейтін медициналық қызметкерлердің жұмыс жүйесін мүлде өзгертіп жіберді. Жас дәрігер ең алдымен онда істейтіндердің теориялық білімдерін көтеруге баса көңіл аударды. Ол үшін медицина сестраларының күресін ашып, онда өзі сабақ жүргізді. Бұл жағдай өзінің игі нәтижелерін берді. Аурухана қызметкерлері ендігі жерде өз міндеттеріне белгілікті қызмет деп қарамай, оны творчестволық жұмыс деп бағалауға жетісті.

Аурухананың беделі де күннен-күнге өсе бастады. Ауырған еңбекшілер енді бұрынғыдай 200 километр жердегі облыс орталығына апарылмай, ақ, Марьевка ауруханасының өзінде емделетін болды. Мәселен, колхозшы А. Кондрашова, тракторшы В. Белоусов, оқушы А. Плетнев сияқты аурулар Никольскаяның көмегі арқасында, Петропавлға апарылмай-ақ, осы ауруханада жазылып шықты.

Ал, мұндайлардың тізімін аурухана журналынан ондап кездестіруге болады.

Үстіміздегі жылдың май айында Тамара Васильеваның өздігінен дәрігерлік қызметке кіріскеніне екі жыл толды. Бұл өткен аз уақыт ішінде ол өзінің теориялық білімін практикалық жұмыстармен толықтыруға жетісті. Жұырда облыстық денсаулық сақтау бөлімі жас дәрігерді аудандық аурухананың бас дәрігері етіп тағайындады. Кәзір ол ауданның колхоздары мен совхоздарындағы барлық ауруханалар мен дәрігерлік пункттерінің жұмыстарына басшылық етеді.

Жаңа қызмет жауапкершілігі күшті жаңа міндеттер жүктеуде. Кәзірдің өзінде ауданға тың және тынайған жерлері игеру үшін 2 мыңнан астам патриоттар келді. Оның үстіне жаңа ұйымдастырылған совхоздарда 7 аурухана ашылмақ. Олардың бәрін қажетті аспаптармен, медикаменттермен, материалдармен жабдықтау ісі де Тамараның басшылығымен жүргізілме. Бірақ, Тамара бұл қыйыншылықтардың барлығын жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегі арқасында жеңуде.

Бас дәрігер Никольскаяның инициативасымен айына екі рет өткізіліп отыратын дәрігерлердің теориялық конференциясы денсаулық сақтау саласындағы мамандардың өзара тәжірибе ауыстыруының қолайлы әдісі болып табылады. Жұырда Никольская аудан дәрігерлерінің алдында конференцияда ғылыми-теориялық баяндама жасады.

Кәзір Тамара бұрын өзі істемеген жаңа операцияны меңгеру жолында ізденіп жүр.

\* \* \*

Марьевка ауруханасының кең залында бүгін де адамдар бар. Бұлардың ішінде, әсіресе, мосқал, толық денелі бір адамның сабырсыздық пен хауіптенушілік нышаны сезілген кейіп отырғандар назарын өзіне аударуда.

— Менің әйелім перитонит ауруымен ауырған еді, — дейді ол қасындағыларға, — ауруханаға өлім халында келіп түскен еді. Соған операция жасап жатыр.

Бір кезде ол орнынан асығыс тұрып, операция жасайтын бөлмеден шығып келе жатқан сұңғақ бойлы, көркем қызға бет алды.

— Операция ойдағыдай өтті, енді хауіп жоқ, — деді қыз әлгі адамға, — екі-үш күннен кейін келіп, ауруға жолығуға болады.

— Өлім тырнағынан арашалағаныңыз үшін сізге сансыз рахмет! — деді әлгі адам, жас қыздың қолын қайта-қайта ұстап.

Қарттың бұл айтып тұрған алғысы ол емдеген барлық адамдардың атынан айтылғандай сезілді. Ал, бұл алғыс алып тұрған қыз — жас дәрігер Тамара Васильевна Никольская болатын.

Дәрігер Р. САФИМОВА.

## Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Берлиндегі төтенше сессиясы қарсаңында

БЕРЛИН, 21 май. (СОТА). Берлинде алда болатын Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясына соңғы дайындықтар аяқталды.

Берлинге түрлі елдерден алғашқы делегаттар келе бастады. Кеше бейбітшілік үшін күрескерлердің неміс советінің өкілдері сессияға келген бейбітшілікті қорғаудың жапон комитеті атқомінін председателі Иоситаро Хираоно және Индия делегациясының мүшелерін қарсы алды. Бүгін Берлинге Го Мо-жо бастаған бейбітшілікті қорғаудың Қытай халықтық комитетінің делегациясы және бейбітшілікті қорғаудың Вьетнам комитетінің председателі Ле Дин Там бастаған Вьетнам делегациясы келді. Баспасөз былай деп хабарлайды: Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Бирма, Австралияның, Цейлонның және басқа елдердің бейбітшілік үшін күрескерлерінің делегациялары Берлинге келе жатыр.

Бірақ, көптеген делегаттар мен қонақтар кейбір себептермен сессияның ашылуының бұрын белгіленген мерзіміне де-

## Индо-Қытайда бейбітшілік қалпына келтірілсін!

ПЕКИН, 21 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Индияда бейбітшілік үшін, Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату үшін, Пакістанға Американың соғыс «көмегіне» қарсы және халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету үшін қозғалыс кең өрістеуде. Бүкілдікшілік кәсіподақ конгресі Майсор штаты ұйымының жыл сайын болып тұратын конференциясының делегаттары штат жұмысшыларын бейбітшілік үшін қозғалысты өрістетуге шақырған. Конференция Индияның премьер-министрі Нерудің Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату және оның халықтарына тө-

уелсіздік беру туралы шақыруын мақұлдаған.

Осы сияқты, қарарды Бүкілдікшілік кәсіподақ конгресі Пенджаб штаты ұйымының жыл сайын болып тұратын конференциясының және Бүкілдікшілік кәсіподақ конгресі Химачал Продес штаты ұйымының жыл сайын болып тұратын конференциясына қатысушылар да қабылдаған.

Ассамдағы Бисан Сабха ұйымының жыл сайын болып тұратын төртінші конференциясы Индо-Қытайдағы соғысты тоқтату және Пакістанға Американың соғыс көмегін беруін тоқтатуды талап еткен қарар қабылдаған.

## Полицейлік террордың күшеюі жағдайында

ПХЕНЬЯН, 21 май. (СОТА). Кеше, бұрын хабар етілгеніндей, Оңтүстік Кореяда қатаң террор жағдайында қуыршақ «Ұлттық жыйналыстың» «сайлауы» дейтін өткізілді. Өздерінің хабарларында лисымандықтардың бұл істерін мақтап көрсетуге тырысатын американ тілшілерінің өзі «дауыс берудің» полицейліктердің бақылауымен өткендігін және дауыс беру қорытындыларында көптеген жалған оқыйғалар болғандығын мойындайды. Лисымандықтар тұрғын адамдарды дауыс беретін пунктке күннен айдап әкеліп, оларды корей халқының опасыздарының өкілдері тобына дауыс беруге мәжбүр еткен.

Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сеулден берген хабарына қарағанда, Ли Сын Манмен толық пікірлес емес «Ұлттық демократиялық партияның» басқармасы Сеулдің дауыс беру пункттерінде

«сайлау» кезінде азаматтық киім киген полицейліктердің кезекшілік міндетін атқарғандығын, олардың сайлаушыларды лисымандық кандидаттарға дауыс беруге мәжбүр еткендігін мәлімдеді.

Бұл сияқты фактілер Пусаннан берілген хабарларда да айтылады, мұнда да дауыс беру пункттерін киімдерін өзгертіп киген полицейліктер бақылап тұрған. Оңтүстік корейлік Тоньян Тхонсин агенттігінің хабарына қарағанда, «сайлауға» қатысқандардың санын көбейту үшін дауыс беру пунктінде дауыс правосына айырылған түрдегі тұтқындар күзетпен әкелінген. Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауына, Пусанда бір ұрнаны ашқан кезде лисымандық қуыршаққа дауыс берген жүзден астам бюлетеннің біріктіріліп тігілгендігі ашылған.

## Қытайда контрреволюциялық ұйымның әшкереленуі

## ИНДИЯ БАСПАСӨЗІ АМЕРИКАН-ПАКИСТАН СОҒЫС ДОВОРОҢ АЙЫПТАУДА

ДЕЛИ, 21 май. (СОТА). Пакістан-американ агрессиялық пактісіне қол қойылуы Индия баспасөзінің бірауыздылық пікірі бәйынша, Пакістанды Американың отарына және соғыс базасына айналдырады, сол сияқты, Азияда хауіпсіздік пен бейбітшілікке хауіп тудыратын қайшылықтар мен шиеленістердің орталығы болып табылады.

«Хиндустан Стандарт» газеті былай деп атап көрсетеді: «пакістан-американ пактісі Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне де Американың қысым жасауына тағы да мүмкіндік береді. «Пакістан-американ пактісі...» деп жазады газет, — соғыс қыймылдары басталатын аудандарды сөз жоқ кеңейтуі мүмкін... Пакістанның Батыспен ашық түрде соғыс одағын жасауы Азиядағы шиеленісті және сенбеушіліктің потенциалды көзі болып табылады. Коммунизмге қарсы күрес деген себеппен АҚШ шетел үстемділігінің жаңа түрін орнатады».

«Индия экспрес» газеті АҚШ пен Пакістан арасындағы пактіні айыптап, халықаралық істерде Американың бұйыру саясатына наразылық білдіреді.

«Стейтсмен» газеті пакістан-американ пактісі «Индия-пакістан қатынастарының бұлтын қалыңдата түседі» деп атап көрсетеді.

«Амрита базар патрика» газеті «Оңтүстік-Шығыс Азия елдері Американың Азиядағы блогіне қарсы шығуда» деп, АҚШ-қа ескертеді.

## АМЕРИКАНЫҢ ОККУПАЦИЯЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІН ҚАМТЫЙТЫН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛ ЖАПОНДЫҚ СЪЕЗІ

ПЕКИН, 21 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Токиодан берілген хабарға қарағанда, Американың Жапониядағы гарнизондық әскерлерін қамтыйтын жұмысшылардың өз қатарында 120 мың мүшесі бар бүкілжапондық кәсіподағы жалақыны көбейту үшін және жұмыстан шығаруға қарсы күрес программасын қабылдаған. Программа 14-16 майда Токиода болып өткен осы кәсіподақтың ұлттық съезінде бір ауыздан қабылдаған.

## ИРЛАНДИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ЛОНДОН, 21 май. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Дублиннен берген хабарына қарағанда, Ирландия республикасының 18 май күні болған төменгі палата депутаттарын сайлаудың жарияланған ақырғы қорытындысында бұрынғы премьер-министр Де Валера басқарған Финанс Файс үкіметтік партиясы жеңіске ұшыраған. Бұл партия 64 орын алған, ал, бұл кезде коалициядағы оппозициялық партия (оның ішінде Фине Гал, лейборист және басқалары) олардан 16 орын артық алған. Бұрынғы премьер-министр Де Валера коалициялық партияның көп дауыс алғандығын және оның үкімет құра алатындығын мойындаған.

## Мәдениет және демалыс паркінде

Қалалық мәдениет және демалыс паркінің көзігі көрінісі ерекше көз тарттады. Орталық аллеяның екі жағына жарыса егілген жана жапырақ шашып келе жатқан жасыл ағаштар мен иісті гүлдер. Екінші аллеяның екі жағына еліміздің ауыл шаруашылығының өркендегенін, еңбекшілердің мәдениеті мен әл-ауқатының жақсарғанын көрсететін диаграммалар мен стандарттар орнатылған. Облысымыздың еңбек даласының озаттары—Социалистік Еңбек Ерлерінің портреттері де ерекше көз тарттады.

Парктегі клубалар көркем әшекейленген. Жазғы театрдың алдындағы алаңда ұлы Ленин мен данышпан Сталиннің, үкімет пен партия басшыларының портреттері, елімізде салынып жатқан зор құрылыстардың картасы орналастырылған.

Паркте спорт алаңы, ашық эстрада, жазғы театр бар. Бұл—жақсы жабдықталған қаладағы жазғы парк. Осы паркте бүгін қала еңбекшілерінің көңілді демалысы басталды.

Өткен жылға қарағанда парк ерекше көркейген. Жаңадан оқу үйі, би алаңы салынған. Айналасына нешетүрлі гүл егіліп, мыңға жуық ағаш отырғызылған.

Алдағы күндерде ашық эстрадада саяси, халықаралық жағдайға тағы басқа тақырыптарға арналып лекция оқылады. Сонымен бірге, СОБП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулысы туралы әңгімелер, лекциялар ұйымдастырылады. Парктегі кітапханаларда кеш сайын викторина, шахмат ойындары болып тұрады.

Алдымызда болатын Соғыс-Теңіз Флоты, Бүкілодақтық физкультура, авиация күндеріне арналып ойын-сауық бола мақшы. Сонымен қатар, облыс егіншілерінің көктемгі егісті бітіру күніне, өнеркәсіп орындарының жұмысшылары үшін арнап сауық кештері өткізіледі. Сол сыяқты, ашық эстрадада еліміздің түрлі қалаларынан келген артистер қала еңбекшілеріне ойын көрсетеді. Москва қаласының мемлекеттік Академиялық Кіші театрының артистері және Сталиндік сыйлықтың лауреаты Борис Горбатовтың қатысуымен концерт қойылады. Алматы қаласынан республикамыздың көрнекті сахна шеберлері Шараның, Жамал Омарованың, Москва қаласының теміржолшылар ән және би ансамблінің концерттері болады.

Г. КӨРПЕШОВА.

ШАНХАЙ, 21 май. (СОТА). Цзинаньның «Данжунжибао» газеті былай деп хабарлайды: халық бұқарасының көмегімен Шаньдун провинциясындағы Хоңзе ерекше ауданының хауісіздендіру органдары діни қызметтермен жасырынған «Лимындао» жасырын контрреволюциялық ұйымын әшкерелеген. Басты басты 20 қылмысты тұтқынға алынған және жауапқа тартылған.

Ұсталғандарда контрреволюциялық әдебиеттер және қару-жарақ табылған.

Контрреволюционерлер арандатушылық хабарлар таратқан, халық өкметіне қарсы бүлдіргіш әрекеттер жүргізген.

Халық сотының ерекше мәжлісінде бұл ұйымның алты бастығы өлім жазасына, қалған қылмыстылар түрлі мерзімдерге тұтқында болу жазасына кесілген.

### «ЭСПАÑЯ ДЕМОКРАТИКА» ГАЗЕТИ ИСПАН ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ҚАЙЫРШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

МОНТЕВИДЕО, 21 май. (СОТА). Монтевидеода шығатын «Эспанья демократика» газеті француз режимінің ауыртпалығын басынан кешіруші испан еңбекшілерінің ауыр жағдайы туралы хабарлады. Газет француз Испаниясында тұратын еңбекшілердің аштықпен жоқшылықта отырғандығын атап көрсетеді. Мадрид металлургтері күніне 8-ден 20-ға дейін пезет алады. Бұл соманың 8,5 проценти әлеуметтік

қамсыздандыруға ұстап қалынады. Мадридте үш кісілік семьяны асырау үшін—онда да аштық жағдайында—күніне 21 пезет керек, бұл сомаға май, балық сүт және басқа тамақтарды сатып алу, сол сыяқты, көзігі кезде бағалары орасан мөлшерде өсіп отырған пәтер ақы төлеу, киімдер, аяқкиімдер сатып алу және транспортқа ақша төлеу кірмейді.

### АНГЛИЯДА ПАРОВОЗ МАШИНАШЫЛАРЫ МЕН КОЧЕГАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 21 май (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Лондондағы тілшісінің хабарына қарағанда, Англияда паровоз машинашылары мен кочегарларының ереуілі ұлғай үстінде. Кеше кешке ереуілішілерге Севери (Глостершир) темір жол торабының жұмысшылары қосылған. Батыс графтіктерде ереуіл салдарынан темір жол қатынасы тоқтап қалған.

### КЕЗЕКТІ ҰТЫС ТИРАЖЫ

23 майда Москвада СОРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік әлемі бойынша (1952 жылы шығарылған) үшінші ұтыс тиражы өткізіледі. (СОТА).

Редактордың орынбасары  
Г. НУРМОЛДИН.

## Орман ағаштарын өрттен күзету шаралары туралы ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

Петропавл қаласы

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ормандарды өрттен күзету шаралары туралы» 1954 жылғы 29 марттағы № 164 қаулысын орындау мақсатымен еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі қаулы етеді:

1. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына және оның орман шаруашылығы басқармасына, колхоз председателдері мен совхоз директорларына, колхоздар мен совхоздардың пайдалануындағы және мемлекеттік ормандарда өртке қарсы қажетті барлық шараларды жүргізу жүктелсін.

2. Жаппай және іріктеп ағаш кесумен шұғылданушы барлық ведомстволар, ұйымдар мен кәсіпорындар ағашы кесіліп алынған жерлерді отынға пайдалануға жарамсыз кесінділерден толық тазарту жұмыстарын жүргізуге, тасылып алынбаған және жазғы маусымға орманда қалдырылған барлық ағаш өнімдерін дестерлеп үйін қоюға міндеттелсін.

3. Өрттен хауіпті кезеңде— 1 майдан 1 ноябрьге дейін облыс жерінде мыналарға тыйым салынсын:

а) тоғайларда, орман участоктері маңайындағы және ормандық шабындық жерлерге іргелес жатқан далаңқы жерлердің шөптері өртелмесін;

б) ағаш дайындалып жатқан жерлерде ағаш қалдықтарын және басқа жанар материалдарды өртеуге жол берілмесін;

в) ормандарда және орманға жақып жерлерде (орман алаңынан кемінде 50 метр қашықтыққа дейін) от жағуға тыйым салынсын;

г) ормандарда, орман алқаптарына іргелес шіліктерде, далада жанған сі-

ренкені, шылым қалдықтарын тастауға тыйым салынсын;

д) патрондардағы оқ қағазбен, шүберекпен және мақтамен, басқа да жаныл кететін заттармен бекітілген болса, мылтық атуға тыйым салынсын;

е) ұшқын сөндіргішпен жабдықталмаған, астыңғы желдеткіштері ашық қатты отыпмен жүретін паровоздардың орман участоктері арқылы өтуіне және жолда сумен сөндірілмеген шлактарды түсіруіне жол берілмесін;

ж) жол-жөнекей газогенераторлы автомашиналар мен тракторлардың бункерлері көмір мен күлден тазартылмайтын болсын.

4. Орманға таяу жердегі ауылшаруашылық шабындық жерлерде шөпті өртеу жазғытұрым ерте (25 апрельге дейін) немесе күздің аяқ кезінде (1 ноябрьден кейін) жүргізілсін. Бұл үшін өртелетін участоктің маңайы 8-10 метр кеңдікте алдын-ала міндетті түрде жыртылатын болсын. Шөпті өртеу және алдын-ала жырту жөніндегі барлық жұмыстар бұған тікелей қатысы бар колхоздардың және басқа да шаруашылықтардың күшімен және құралдарымен, колхоз председателдерінің және шаруашылық басшыларының жеке жауапкершілігімен жұмыстарды өткізудің уақыты және тәртібі туралы орман шаруашылығымен келіскеннен кейін ғана жүргізілетін болсын.

5. Орман ішінде өрттен хауіпті мерзімде көмір күйдіру, арба майын жасау және басқа жұмыстар өрт хауіпсіздігінің тәртібін қатаң сақтау арқылы ғана жүргізілсін.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқомдері мыналарға міндеттелсін:

23 апрель 1954 жыл

а) өрт пайда болған участоктерде өрт сөндіруге еңбекшілерді қатыстыру үшін орман участоктері тиісті колхоздарға, совхоздарға, ауыл-селоарға бекітіліп берілсін;

б) орман шаруашылығы орындарының күші мен құралы арқылы сөндіруге болмайтын өрттер шыққан жағдайда жергілікті жердің халықтары өздерінің өртке қарсы күрес құралдарымен өрт сөндіруге (күрек, балта, шелек) қатыстырылатын болсын;

в) өрт сөндіруге тартылғандар өрт сөндіруге бару үшін транспорт құралдарымен қамтамасыз етілсін.

7. Халықты өрт сөндіруге ұйымдастыру, өрт сөндіретін құралдармен және азық-түлікпен бірге оларды өрт болып жатқан жерге жеткізу міндеті тікелей ауыл-селолық Советтердің, колхоздардың председателдеріне, ұйымдар мен кәсіпорындарының басшыларына жүктелсін.

8. Орман өртін сөндіруге тартылған адамдарға еңбекақыны өрт шыққан орман кімнің қарамағында болса, сол ұйым 8 сағаттық жұмыс күніне төленетін ақы—бір адамға күніне 10 сом 83 тыйын, атқа 16 сом 80 тыйын есебінен төлейді.

Орман өртін сөндіру жұмыстарына қатысқандармен есеп айырысу ісін өрт аяқталғаннан кейін 5 күн мерзім ішінде өрт сөндіруге қатысқан азаматтардың тұрған жерінде орман шаруашылығы орындары жүргізеді.

9. Барлық ағаш дайындаушылар және басқа да орманмен пайдаланушылар өрттен хауіпті кезеңде ағаш дайындайтын, ағашты алғашқы өңдейтін жерлерге, ормандардағы қоймаларға және ор-

мандағы басқа да жұмыстар жүргізілетін жерлерге өртке қарсы қатаң тәртіп орнатуға, жұмыс орнын өрт күзетушілермен және өрт сөндіру үшін қажетті құралдармен (күректермен, тырнауыштармен, шелектермен, аралармен, кеспекпен, су құйылған ыдыстармен, тағы басқаларымен) қамтамасыз етуге міндеттелсін.

10. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мыналарға міндеттелсін:

а) ағаш дайындаушылардың ағашы кесіліп алынған жерлерді дерезінде және сапалы тазарту жұмыстарын жүргізуіне және орманда өрт хауіпсіздігі тәртібінің сақталуына тиісті бақылау жасалуы қамтамасыз етілсін;

б) өртке қарсы тағайындалған тәртіпті орындаушы ағаш дайындаушылардың және орманмен пайдаланушылардың өртке хауіпті кезеңдерде жұмыс істеуіне жол берілмесін;

11. Өртке хауіпті кезеңдерде Мемлекеттік орман күзетінің, орман әкімшілік қызметкерлерінің, сол сыяқты орман шаруашылықтарының аттары мен автомашиналарын орман шаруашылығына байланысы жоқ басқа жұмыстарға тартуға тыйым салынсын.

12. Омск темір жолындағы Петропавл бөлімшесіне өртке хауіпті маусым басталғанға дейін мына жұмыстарды жүргізу жүктелсін:

а) теміржол бойындағы бөлініп берілген алаңдар қоң-қоқырдан, ағаш қалдықтарынан және басқа ескі-құсқыдан тазартылсын;

б) қатты отыпмен жұмыс істейтін паровоздар ұшқын тұтқыш және ұшқын сөндіргіш құралдармен жабдықталсын;

в) паровоздардың желдеткіштері мен

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары Е. ЦИМБАЛ.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің секретары И. ЗАЙТОВ.

топқаларын тазалау үшін арнаулы жерлер бөлінсін;

г) мемлекеттік орман күзеті және орман әкімшілік қызметкерлеріне, орманды күзетуші жауапты адамдарға ормандарда өртті сөндіру шараларын жүргізу үшін барлық байланыс құралдарымен (телефон, селектор, телеграф) кезексіз пайдалануға право берілсін;

д) орман күзетінің қызметкерлері мен жұмысшыларына ормандағы өртті сөндіруге барып қайтуы үшін, тоқтаусыз билет берілсін және орман өртіне қарсы күрес жүргізу үшін қажетті жүктер тиісті орнына жеткізу үшін кезексіз қабылдансын.

13. Облыстық байланыс басқармасы және оның жергілікті орындары Мемлекеттік орман күзеті және орман әкімшілік орындары қызметкерлеріне, орманды күзетуге жауапты адамдарға ормандардағы өртті сөндіру шараларын жүргізу үшін барлық байланыс құралдарымен кезексіз пайдалануға право беруге міндеттелсін.

14. Өртке қарсы шаралардың және осы міндетті қарардың орындалуын бақылау, орман шаруашылығы орындарына, ішкі істер министрлігінің облыстық басқармасына, еңбекшілер депутаттарының аудандық, ауыл-селолық Советтерінің атқомдеріне жүктелсін.

15. Осы қарарды бұзушылар әкімшілік жауапкершілігіне тартылып, 100 сомға дейін айып төлейді немесе, бір ай мерзімге дейін еңбекпен түзеу жұмысына жіберіледі.

16. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысының жерінде 2 жыл бойына күшінде болады.

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫҒА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

### «ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҮЛҮ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Облыстық автомобиль транспорты және тас жолдар басқармасының Петропавлдағы автомобиль базасына I-II-III-класс шоферлары, автомобиль ісі жөніндегі слесарьлар, токарьлар, аккумуляторшылар және күзетшілер КЕРЕК. АДРЕС: Спирт заводының арғы жағындағы автомобиль базасының кадр бөлімі.

«Деревообделочник» артеліне түпкілікті жұмысқа нормировщик, ағаш шеберлері, штукатурлар, малярлар, темір ұсталары және жұмысшылар КЕРЕК. Сол сыяқты, мұнда қайың ағашының материалдары сатылады. АДРЕС: Петропавл қаласы, Луговая көшесі, 51-үй.

Облыстық жергілікті «Снабсбытса» түпкілікті жұмысқа жұмысшылар КЕРЕК. АДРЕС: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 92-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон (арқылы сөйлесуге болады).